Фотосуреттерде кездесетін кемшіліктерден және бірі бұл суретке алу нүктесін қате таңдауында. Нәтижеде суретке алынып жатқан объект қарсысынан емес, яки сол, оң, төмен немесе жоғарыдан суретке алынады. Суретке алу нүктесінен бейненің көрінуі оның **перспективасы** деп аталады. Төмендегі суретте көп қабатты ғимаратты жерден тұрып суретке алынғандығы көрініп тұрыпты. Оны көрші ғимараттан тұрып суретке алынған көрініске келтіру мүмкін.



Мұның үшін **PhotoShop**тағы **Кадрирование перспективы** (Перспективаны өзгертіріп кадрлау) құрылғысынан пайдалану мүмкін.

Оны шақыру үшін клавиатурадағы бас латын әрпі **C**-ны (**Shift+c**) бірнеше рет басамыз немесе құрылғылар панеліндегі рамка құрылғысының үстіне тышқанды алып келіп, оң түймешені басамыз. Пайда болған жүйедегі екінші құрылғыны таңдаймыз. Оның түймешесі  көріністе болады.

Алғаш суретті толық таңдап аламыз. Мұның үшін тышқанды суреттің бір бұрышына алып келіп, сол түймешені басамыз. Тышқанды қарама-қарсы бұрышқа дейін қозғатып барамыз да түймешені қойып жібереміз. Сурет үстінде тор пайда болады. Жоғары бұрыштардағы маркерлерді горизонталь бағытта қозғап, тордың вертикал сызықтары ғимарат қабырғасы қыратына параллель болуына қол жеткіземіз.

Мұнда бұрыштарды бірнеше рет қозғатуға тура келуі мүмкін. Өйткені оң тараптағы сызықтар параллель болғанға дейін, сол тараптағы сызықтар параллель болмай кетуі мүмкін және керісінше.

Бұл құрылғыдан қабырғадағы сурет, теледидар, компьютер немесе планшет экранындағы бейнені қия бұрыш астында суретке алынғандағы кемшіліктерді дұрыстауда да істету мүмкін.



PhotoShopта көбінесе бірнеше суреттерден жаңа сурет жаратуға тура келеді. Мұнда бейнелердің өлшемін кішірейту, оларды бұру, аудару, қияластыру, қисайтыру сияқты амалдарды орындауға тура келеді. Бұл амалдар пішін өзгертіру амалдары деп аталады.

Бұл сынды амалдар мен кадрлауға арналған жаттығуда танысып шыққан едік. Бірақ ол жерде бұл амалдардан бірнешеуі бір уақытта орындалады да оларды бағдарламаның өзі таңдап орындар еді. Бұл болса әрдайым да анық және күтілген нәтижеге алып келмейді.

Пішін өзгертіру амалдары негізгі менюнің **Редактирование**

бөліміндегі **Трансформирование** (Пішін өзгерту) бабында орналасқан. Жаңа менюде он екі пункт болып, олар төменде келтірілген.

Олардың міндеттерімен танысып шығамыз:

1. **Применить снова** (Қайта қолдау) – соңғы пішін өзгертіру амалын және бір рет қолдайды.

2. **Масштабирование** (Өлшемін өзгертіру) – бейне бөлігі өлшемдерін өзгертіреді.

3. **Поворот** (Бұру) – бейне бөлігін өз қалауынша бұрышқа бұрады.

4. **Наклон** (Қиялау) – бейне бөлігін горизонталь немесе вертикаль бағытта қиялайды.

5. **Искажение** (Сызықсыз өзгертіру) – бейне бөлігін төртбұрыш көріністе таңдаған саланы қаптайтын етіп өзгертіреді.

6. **Перспектива** (Перспективаны өзгертіру) – суретке алу нүктесін өзгертіреді.

7. **Деформация** (Қайта пішіндеу) – бейне бөлігін созумен қайта қалыптастырады.

8. **Поворот на 180°** (180°-қа бұру) – бейне бөлігін 180°-қа бұрады.


9. **Поворот на 90° по часовой** (Сағат тілі бойлап 90°-қа бұру)


10. **Поворот на 90° против часовой** (Сағат тіліне теріс 90°-қа бұру)

11. **Отразить по горизонтали** (Горизонталь өзгеру) – бейне бөлігін горизонталь бағытта аударады.

12. **Отразить по вертикали** (Вертикаль аудару) – бейне бөлігін вертикаль бағытта аударады.

Бұл амалдардың дайын суретке қолдау нәтижелері төмендегі суреттерде көрсетілген:





Пішін өзгертірулерде және негізгі менюнің **Редактирование** (Редакторлау) бөліміндегі **Свободное Трансформирование** (Еркін пішін өзгертірулер) (**Ctrl+T**) амалынан да кең пайдаланылады.

ЕСТЕ САҚТА !

Пішін өзгертіру амалын колдаудан алдын бейне бөлігін ажыратып алу керек.

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Қандай пішін алмастыру амалдарын білесіңдер?
2. Алма суретін 90°, 180°, 270° -қа бұр.
3. Алма суретін вертикаль және горизонталь бағытта үйреніңдер.
4. Қыз суретіндегі кемшіліктерді жойыңдар.
5. Ғимарат суретін жүктеп, ондағы перспективаны өзгертіріңдер.
6. Өздеріңнің фотосуреттеріңді жүктеп алыңдар. Оған он бір пішін өзгертіру амалын қолдандар және бұл фотосуреттердің барлығынан бір фотосурет жасаңдар.

ҮЙГЕ ТАПСЫРМА

Теледидар немесе компьютер экранындағы бейнені ажыратып алып, перспективасын дұрыстандар.



9- САБАҚ. БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

Төмендегі берілген варианттардан бақылау жұмыстарын өткізуде пайдалану ұсынылады.

1- вариант

1. Компьютер экраны өлшемдерінің кең тарқалғандарын келтіріңдер.
2. **PhotoShop**, оның тарихы мен версиялары.
3. **PhotoShop**та кадрлау амалын орындауды көрсету.

2- вариант

1. **3D** графика қандай жаратылады және қандай бейнеленеді?
2. **PhotoShop**тың мүмкіндіктері.
3. **PhotoShop**та магнитті жіптен пайдаланып бейне бөлігін ажыратып алыңдар.

3- вариант

1. Растрлы графика қандай істейді?
2. **PhotoShop** интерфейсі.
3. Сиқырлы таяқша жәрдемінде бейне бөлігін ажыратып алыңдар.

4- вариант

1. Фракталдар жөнінде мәлімет беріңдер.
2. **PhotoShop**та файлдармен істеу.
3. **PhotoShop**та пішін алмастыру амалдарын орындап көрсету.



10- САБАҚ. PHOTOSHOPТА ҚАБАТТАР ЖӘНЕ ОЛАРДАН ПАЙДАЛАНУ

PhotoShopтың бүгінгі күндегі қабаттармен істей алуы. Қабат бұл айқын қағаз болып, **PhotoShop**та қабатқа қосымша бейне орнату мүмкін. Қабаттар үсті-үстіне орналасқанда, жалпы бір бейне пайда болады. Әр бір қабаттағы бейнені басқа қабаттағы бейнелерден жеке редакторлау мүмкін.

Қабаттардан біз жоғарыда пайдаланған едік. “Өзбекстан” қонақ үйі суретіне төрт автокөлікті орналастырғанымызда олардың әр бірі жеке қабатта орналасқан еді. Бұл автокөліктерден бірде біреуінің орнын өзгертірмекші болсақ, ол орналасқан қабатты таңдап, ондағы бейнені

қозғатудың өзі жетерлі. Мұнда басқа автокөліктер мен қонақүй суреті өзгермейді.



PhotoShop суретке қосылған жаңа бейнені автоматикалық тәрізде жаңа қабатқа орналастырады. **PhotoShop**та бір уақытта 50-ден артық қабатпен істеу мүмкін.

Қабаттармен істеу негізгі менюің **Слой** (Қабаттар) бөлімінде орналасқан бұйрықтардан пайдалану мүмкін. Бірақ **Слой** (Қабаттар) палитрасынан пайдалану және де ыңғайлы. Бұл палитраны экранға шығару үшін негізгі менюің **Окно** (Айна) бөліміндегі **Слой** (Қабаттар) бабын таңдау немесе клавиатурада **F7** функционалдық түймешесін басу керек. Бұл палитраның көрінісі суретте көрсетілген. Ондағы түймешелердің міндеттерімен танысып шығамыз.

A. Жасырын палитралар; **B.** Жасырын палитраларды ашу; **C.** **Слой** (Қабаттар) томы; **D.** **Каналы** (Каналдар) томы; **E.** **Контур** (Контурлар) томы; **F.** Палитраны жасыру мен асыру түймешесі; **G.** Палитра менюінің түймешесі; **H.** Қабаттың айқын еместігі (0 ден 100 -ге дейін); **I.** Қабатқа бояу құю (0 ден 100-ге дейін); **J.** Қабаттардың қатырылғандық белгісі; **K.** Таңдалған қабаттарды бір-бірімен байланыстырады; **L.** Қабатқа стиль қосады; **M.** Маска қабат жаратады; **N.** Жаңа коррекциялық қабат жаратады; **O.** Қабаттардың жаңа тобын жаратады; **P.** Жаңа қабат жаратады; **Q.** Таңдалған қабатты өшіреді; **R.** Қабатты көрсетеді немесе жасырады.

Қабаттардан біріншісі фон деп аталады. Ол басқалардан төменде тұрады және оның орнын өзгертіріп болмайды. Басқа қабаттардың

орнын алмастыру мүмкін. Жоғарыда тұрған бейне төмендегілерді жасырып қояды. Егер қабат дерлік айқын болса, одан кейінгі қабат біраз көрініп тұрады.

Қабатқа **маскалы қабат** қосу мүмкін. Қабаттың маскамен жасырылған бөлігін өзгертіріп болмайды. Бұл қабаттың бір бөлігін өзгертіру керек болғанда өте ыңғайлы. Қабаттағы кемшіліктерді жою үшін оған **коррекциялық қабат** қосылады. **Стиль қабат** болса қабатқа дайын стильді қолдау үшін жұмсалады. Бейнеде қабаттар саны артқан сайын олармен істеу қиындайды. Мұндай уақытта бірнеше қабатты бір топқа жинап және бұл топпен бір қабатпен істегендей істеу мүмкін.

Ноутбук және қонақүй суреттерін жүктеп аламыз. Қонақүй бейнесін толық ажыратып (**Ctrl+A** қос түймешесі), одан көшірме аламыз (**Ctrl+C**). Ноутбук суретке өтіп, оған көшірмені орналастырамыз (**Ctrl+V**). Ноутбук суретке өту үшін оның айнасының көрініп тұрған орнын тышқанмен басудың өзі жетерлі. Егер айна басқа айналармен толық тосып қойылған болса, негізгі менюнің **Окно** (Айна) бөлімінің соңғы тарауларында орналасқан құжат айналарынан керектісін таңдаймыз.

Ноутбук айнасында қонақүй бейнесі пайда болады да ол ажыратып алынған (төмендегі суреттерден біріншісі). Негізгі менюнің **Редактирование** (Редакторлау) бөліміндегі **Трансформирование** (Пішін өзгертіру) тарауын және пайда болған менюнің **Искажение** (Сызықсыз өзгертіру) тарауын таңдаймыз.

Қонақүй бейнесі бұрыштарында арнаулы маркерлер пайда болады. Олардан бірін қозғатып, ноутбук экраны бұрышына алып келеміз (2-сурет). Қонақүй бейненің қалған ұштарындағы маркерлерді тышқанмен қозғатып, керекті орынға алып келеміз (3-, 4- және 5- суреттер). Және бір рет бұрыш маркерлерінің суреттегі ноутбук экранының бұрыштарына дұрыс қойылғанын тексеріп (Экрандағы бейне бүтіндей көрінбеуі керек), **Enter** түймешесін басамыз.


Дайын суретті жаңа атпен сақтап қоямыз (6- сурет). Қонақүй бейнесі жеке қабатта орналасқандығы себепті, ондағы өзгертірулер басқа қабаттағы ноутбук бейнесіне әсер етпейді:



Және бір жаттығу орындаймыз. **PhotoShop**қа жан айна суретін жүктеп аламыз. Оны толық ажыратып, көшірмелейміз. Жаңа сурет жаратамыз. Оның өлшемдері жан айна суреті өлшемдері сияқты болады. Жаңа суретке жан айна суретінің көшірмесін орналастырамыз (төмендегі 1-сурет).


Жан айнадағы мотоциклдердің бейнесін қарапайым арқан немесе магнитті арқан құрылғысымен ажыратып аламыз. Клавиатурадағы **Delete** түймешесін басып, ажратылған бөлікті өшіріп тастаймыз (2- сурет).

Қонақүй суретін жүктеп, одан көшірме аламыз. Көшірменің өлшемдерін кішірейтіп, жанбас айнаның үстіне қоямыз (3- сурет).





Қонақүй мен автокөлік суреттері орналасқан қабаттарды алмастырамыз. Мұның үшін қабаттар палитрасын ашамыз. **Слой 1** деген жазу үстіне немесе ол орналасқан көгілдір төртұрыш үстіне тышқанды алып келіп, сол түймешені басып тұрып, жоғарыға қозғатамыз. **Слой 2** жазуының төбесінде сызық пайда болуымен тышқан түймешесін қойып жібереміз.



Нәтижеде автокөлік орналасқан бірінші қабат жоғарыға шығып, қонақүй қабаты төменге түседі, қонақүй тек қана автокөлік айнасынан көрініп тұрады. Фонның ақ реңі болса еш жерде көрінбейді. Егер автокөлік бейнені фоннан басқа қабатқа көшірмегенімізде оның орнын өзгертіріп болмас еді. Автокөлік фонда болмағаны үшін оның айнасындағы бейнені өшіргенімізде оның орнын фон реңі иелемейді, ол айқын көріністе өтеді.

PhotoShopта пішін өзгертірулер мен қабаттардан пайдалануға мысал ретінде берілген суреттен кубтар жасап, оларды жинауға әрекет етіп көреміз. Берілген сурет пен алынған нәтиже төменде келтірілген:



Міндетті орындау алгоритмін келтіреміз:

1. Куб жақтарына қойылуы керек болған суретті жүктеп аламыз. Алдын көріп шыққан рамка құрылғысы жәрдемінде (клавиатурада **C** түймешесін басып шақырылады) одан 80×80 өлшемді бөлігін кесіп аламыз.

2. Жаңа бейне жаратамыз (**Ctrl+N**). Оның өлшемдерін 1000×800 етіп орнатамыз.

3. Бірінші бейнеге өтіп, оны толық ажыратып аламыз (**Ctrl+A**) және көшірмелейміз (**Ctrl+C**). Екінші бейнеге өтіп, оған бірінші бейненің екі көшірмесін орналастырамыз (**Ctrl+V**).

4. Орналасқан екінші көшірме ажыратылған халде тұрыпты. Оны курсорды басқару түймешелері көмегінде немесе тұтқа құрылғысын таңдап, бірінші көшірменің үстіне алып келеміз.

5. Бұл көшірменің вертикаль өлшемін екі есе азайтырамыз да оны горизонталь бағытта -45° -қа бұрамыз.

6. Бейнеге бірінші суреттің үшінші көшірмесін орналастырамыз. Оны бірінші көшірменің оң тарапына тұтқа құрылғысы немесе курсорды басқару түймешесі көмегінде алып келеміз.

7. Бұл көшірменің горизонталь өлшемін екі есе азайтырамыз да оны вертикаль бағытта 45° -қа бұрамыз.

8. Үш көшірме орналасқан қабаттарды бірлестіреміз. Мұның үшін олар орналасқан қабаттарды **Shift** түймешесін басып тұрып таңдаймыз да қабаттарды бірлестіру түймешесін басамыз.

9. Жаратылған кубты толық ажыратып аламыз. Оның өшірмесін алып, бейнеге орналастырамыз. Жаңа кубты сүріп, біріншісінің жанына алып келеміз.

10. Тоғызыншы амалды сегіз рет қайталаймыз. Әрдайым жаңа көшірмені қалғандарына тығыздап қосып қоямыз.

11. Істеген жұмыстармызды **Ctrl+S** қостүймешесі көмегінде алғаш **PhotoShop** форматында, кейін **jpeg** форматында сақтап қоямыз. Екі құжатты жауып, **PhotoShop**та істеуді аяқтаймыз.



ЕСТЕ САҚТА !

Бейнеге орналасқан көшірме ажыратылған халде қалады. Басқа құрылғы таңдағанға дейін оны тышқанмен қозғатып, жаңа орынға өткізу мүмкін.



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Қонақүй суретін басқа суреттегі компьютер экранына орналастыр.
2. Қонақүй суретін басқа суреттегі автокөліктің жаң айнасына орналастыр.
3. Жан айнасында қонақүй суреті болған автокөлік суретін суреттегі компьютер экранына орналастыр.
4. Кубтарды басқа әдістерде орналастырып, жаңа бейнелер жаратындар.
5. Өздеріңнің фотосуреттеріңнен куб жасап, олармен бейнені толтырындар.
6. Қабаттардың орнына алмастыру қандай іс жүзіне асырылады?



ҮЙГЕ ТАПСЫРМА


Отбасылық фотосуреттеріңнен үшеуін алып, оларды кубтың үш жағына орналастырындар.



11- САБАҚ. PHOTOSHOPТА РЕҢ ЖҮЙЛЕРІ

Реңдермен істеу үшін бір қатар жүйелер істеп шығарылған. Олардан біріншісі қосылатын реңдер жүйесі деп аталады. Бөлмедегі бірнеше шырақтарды жақсақ, олар таратып жатқан жарықтықтар қосылады да бөлме тағы да жарқырай түседі. Егер бұл шырақтар түрлі реңде болса, бұл реңдер қосылып, бөлме олардан тағы да жарығырақ (ашығырақ) реңге кіреді. Басқа реңдерді үш негізгі рең: қызыл (**Red**), жасыл (**Green**)

мен көк (Blue) реңдерін түрлі түсті қосумен жарату мүмкін. Бұл реңдердің аттарынан қосылушы реңдер жүйесінің аты RGB алынған:



Бұл реңдердің әрбірінің жарықтығы 0 ден 255-ке дейін болуы мүмкін. Нәтижеде 256*256*256 (он алты миллионнан көбірек) реңдер құрау мүмкін. Мәселен, жасыл және көк реңдер қосылғанда ауа рең (ағылшын тілінде Cyan деп аталады), қызыл және көк реңдер қосылғанда қызғылт (Magenta), қызыл және жасыл реңдер қосылып сары (Yellow) реңдер пайда болады. Үш негізгі рең қосылғанда ақ рең шығады.

Қосылушы реңдер көмегінде теледидар мен компьютер монитори экранындағы бейнелердің реңдері пайда болады.

Сурет сабақтардан білеміз, ақ қағазды бір неше реңдегі бояулармен боясақ, бұл реңдер қосылып, тоқ рең болады. Мәселен, сары және қызғылт реңдермен қағазды боясақ, қағаз қызыл реңге кіреді. Мұнда реңдер ақ реңнен ажыраларды да бұл реңдер жүйесі деп аталады.

Бұл жүйеде негізгі реңдер сипатында ауа рең, қызғылт және сары реңдер алынған. Бұл үш рең ақ қағазға сүртілгенде қағаз қара реңге кіреді. Бірақ таза бояуларды алу өте қиындығы себепті бұл үш реңнен пайда болған қара рең бірер-бір бояу түсіне кіріп қалады. Мұның алдын алу үшін ажыраларды реңдер жүйесінде жоғарыдағы үш реңмен бірге қара рең де істетіледі. Нәтижеде қара реңдер көп болған бейнелерді жаратуда басқа реңдегі бояулардың жұмсаларды да дерлік азаяды.

Реңдердің бұл жүйеден реңді принтрлерде, плоттерлерде және

баспахананың баспа машиналарында пайдаланылады. Бұл жүйе ондағы негізгі реңдер аттарынан алынған болып, **CMYK (Cyan, Magenta, Yellow, black)** деп аталады. Бұл жүйеде әрбір негізгі рең пайызда көрсетіледі.

PhotoShopта негізінен дизайнерлер істейді. Олар үшін қолайлы және түсінерлі болған реңдер жүйесі де істелінген. Олардан бірі **HSB** деп аталады. Бұл ат ағылшын тіліндегі **Hue** (Рең түрі), **Saturation** (Реңнің қаныққандығы) **Brightness** (Рең жарқындығы) сөздерінен алынған.

Бұл жүйеде реңдер палитрасы шеңбер түрінде құрылған болып, әрбір реңге үш параметр сай келеді. Бұл параметрлердің біріншісі керекті реңді таңдау үшін қызмет етеді. Негізгі реңдер шеңбер шекарасы болған шеңберде орналасқан.


Оларды таңдау үшін шеңбердегі нүктеге сай келетін орталық бұрыш (0 ден 360 градусқа дейін болған құнын қабылдайды) құны енгізіледі. 0°-қа қызыл, 120°-қа жасыл, 240°-қа

көк рең сәйкес келеді. Екінші реңдер: сары (60°), ауа рең (120°) және қызғылттар (240°) негізгі реңдер арасында орналасқан.

Бұл реңдер бір-бірімен қосылып, жаңа реңдер құрайды. Мәселен, көк рең (240°) пен қызғылт рең (300°) арасында сиярең (270°) орналасқан.

Екінші параметр реңінің қаныққандығын білдіреді. Бұл параметр 0 ден 100-ге дейін болған құнды қабылдайды. Бұл параметрдің құны азайған сайын реңнің қаныққандығы да азая береді және 0 ге тең болғанда бұл рең ақ реңге өзгеріп қалады.

Бұл параметрге сай келетін реңдер таңдалған бұрыштың радиусы бойынша орналасқан болады. Бұл радиус әрекеттенгенде шеңбер шекарасы, яғни шеңберде таңдалған рең қаныққандығы азайып барып ақ реңге өзгереді.





Реңнің үшінші параметрі таңдалған реңнің жарқындығын білдіреді де 0 ден 100-ге дейін болған құндарды қабылдайды. Мәселен, ақ рең таңдалған болсын. Оның жарықтығы 100 (пайыз)-ға тең болса, ол ақтығынша қалады. Жарықтық 0-ге тең деп алынса, ақ реңге өзгеріп қалады. 50-ге тең болса, бұлыңғыр рең, 25-ке тең болса, тоқ бұлыңғыр рең, 75 болса, ақшыл бұлыңғыр реңге

өзгереді.

Бұл жүйенің жақсы жағы онда бірін-бірі толтырушы және бір-біріне жақын болған реңдер анық көрініп тұрады. Бірін-бірі толдырушы реңдер деп шеңбердің бір диаметрінде бір-біріне қарама-қарсы орналасқан реңдерге айтылады.

Мәселен, **қызыл** және **ауа** рең; **сары** және **көк**; **жасыл** және **қызғылт** реңдер; сондай-ақ ақ және кара реңдер бірін-бірі толтырушы реңдер есептелінеді. Толтырушы реңдерден бірі фон үшін алынса, екіншісі сызықтар сызу, мәтін жазу үшін істетіледі. Мұнда сызық пен жазулар фонда анық көрініп тұрады. Мәтіннің бір бөлігін ажырату үшін мәтіннің негізгі реңіне жақынырақ таңдалады.

Реңдер екі түрге ажыратылады. Олардан біріншісі жылы реңдер, екіншісі суық реңдер деп аталады. Жылы реңдерге құрамында қызыл және сары реңдер көбірек болған реңдер, суық реңдерге құрамында көк және сия реңдер көбірек болған реңдер кіреді. Әсіресе, оларда кара және бұлыңғыр реңдер араласса, олар және де суықтасады. Жылы және суық реңдер арасындағы жасыл мен күлгін реңдер нейтрал реңдер есептелінеді.

Жылы реңдер адамның көңіл-күйін көтереді. Суық реңдер болса рухиятқа жаман әсер етеді. Дизайнмен шынайы шұғылдануды қалаушылар жылы, суық, нейтрал реңдерді және олармен істеуді жақсы біліп алулары керек.



ЕСТЕ САҚТА !

Түрлі реңдер адамның көңіл-күйіне түрліше әсер етеді.



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Жарықтық нұрлары жөнінде нелерді білесіңдер?
2. Қосылғыш реңдер жүйесі қандай істейді?
3. Айырылушы реңдер жүйесі қандай істейді?
4. **HSB** реңдер жүйесі қандай істейді?
5. **HSB** реңдер жүйесіндегі әрбір параметр нені аңғартады?
6. Бірін-бірі толтырушы реңдер деп қандай реңдерге айтылады?




ҮЙГЕ ТАПСЫРМА

Тақырыпқа тиісті он тест түзіндер.




12- САБАҚ. ФОТОШОПТА РЕҢДЕРМЕН ІСТЕУ

Жоғарыда көрілген реңдер жүйелері табиғатта ұшырайтын реңдердің барлығын да көрсетіп бере алмайды. Олардың және бір кемшілігі, бұл жүйелер аппаратқа байланысты. Басқаша айтқанда, бір жүйеде істейтін екі түрлі құрылғы реңдерді бірдей көрсете алмайды.



Аппараттарға байланысты болмаған және реңдерді қамтып алуы ең үлкен болған жүйе істелінген болып, ол **Lab** деп аталады. Олардан біріншісі реңнің жарықтығын (ағылшын тіліндегі **Lightless** сөзінен алынған) аңғартады. Екінші параметрде **a** болса реңнің қызылдан жасылға дейін, үшінші параметр **b** реңнің сарыдан көкке дейін болған өзгерісін анықтайды.


PhotoShopta бұл жүйеден жоғарыда келтірілген бір жүйеден екіншісіне өтуде пайдаланылады. Яғни бір жүйеден алынған рең алдын **Lab** жүйесіне өткізіледі, соң одан басқа жүйеге аударылады.




PhotoShopта ең көп орындалатын амалдардан бірі бұл реңдерді таңдау болып табылады. Реңдерді таңдаудың бірнеше әдістері болып, олардан бірі **Ranglar palitrasi** (Реңдер палитрасынан) пайдалану әдісі. Бұл қатынас айнасын экранға шығару үшін құрылғылар панеліндегі негізгі немесе фон реңінің құрылғысын таңдаймыз.

Айнаның ортасындағы вертикаль сүргішті қозғалтып, керекті реңдер саласына өтеміз. Оң тарапта бұл саладағы реңдер біраз анық көрсетіледі. Одан керекті реңді тышқанның сол түймешесін басып таңдау мүмкін. Айнаның оң тарапынан реңді төрт жүйеден бірін керекті параметрлерді кіргізіп те таңдау мүмкін.

Рең таңдаудың екінші жолы палитралар саласындағы **Цвет** (Рең) палитрасынан пайдалану болып табылады. Оның тақырыбындағы маңдайшасындағы жазудың оң тарапындағы жасырын менюден керекті реңдер жүйесін таңдап алу мүмкін. Экранда пайда болған горизонталь сүргіштерді сүріп, керекті рең таңдалады.



Бұл палитрамен бірге **Образцы** (Үлгілер) атты палитра орналасқан. Бұл палитрада алдын таңдалған бірнеше реңдер болып, оларды тышқан жәрдемінде таңдау мүмкін:



Бұл палитраның жасырын менюсінде алдын анықталған үлгілердің басқа жинақтарын таңдау, жаратылған жинақты жаңа атпен сақтау, сақталған жинақтарды қайта жүктеп алу, палитра айнасының көрінісін өзгертіру сияқты амалдарды орындау мүмкін.

Индекстелген реңдерден Webda, анимация жаратуда және баспаханаларда кең пайдаланылады.

Ақ-қара суреттерді сақтауда жарты түсті (бұлыңғырдың түрлі түстерінен) пайдаланылады. Мұнда әрбір пиксель үшін бір байт ажыратылады да пиксель бұлыңғыр реңнің 256 түсінен бір көрінісінде болуы мүмкін.



ЕСТЕ САҚТА !

Реңдер компьютер графикасының негізін ұйымдастырады.



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Lab реңдер жүйесі қандай істейді?
2. Lab реңдер жүйесіндегі әрбір параметр нені аңғартады?
3. Реңдер палитрасымен қандай істеледі?
4. PhotoShopқа қандайда бір бейнені жүктендер. Оның реңдер жүйесін басқаларына өткізіндер де жаңа атпен сақтап қойындар.
5. Жарты түсті реңдер жүйесінде сақталған ақ-қара суретті қайта жүйеге өткізіндер де ондағы өзгерістерді анықтандар.




ҮЙГЕ ТАПСЫРМА

Палитралар саласында реңдермен істеуді көріп шығындар.




13- САБАҚ. КАНАЛДАР МЕН ФИЛЬТРЛЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Рендер жүйесінде әрбір рең бірнеше ұйымдастырушыға ажыратылады. **RGB** жүйесінде рендер қызыл, жасыл және көк ұйымдастырушы рендерге ажыратылады. Бейненің әрбір пикселі өз реңіне ие барлық пиксельдер үшін бұл рендердің ұйымдастырушыларды қолда анықтап шығудың дерлік лажы жоқ. **PhotoShop** бұл жерде де жәрдемге келеді. Оның **Каналы** (Каналдар) палитрасы нағыз осы мақсатта қызмет етеді.



Кез келген бір суретті жүктеп алып, **Каналы** (Каналдар) палитрасын ашамыз. Мұның үшін негізгі менюнің **Окно** (Айна) бөліміндегі **Каналы** (Каналдар) тарауын таңдаймыз. Палитраның **RGB** жүйесі үшін көрінуі төменде келтірілген.

Суретте тек қана бір ұйымдастырушыны қалдыру үшін оған сай каналды қалдырып, қалғандарын жабу керек. Мұның үшін бұл каналға сай қостүймешені басудың өзі жетерлі. Қызыл каналға **Ctrl+3**, жасыл каналға **Ctrl+4**, көк каналға **Ctrl+5** қостүймешелері сәйкес қойылған. Оларды кезекпе-кезек басып, суреттің өзгеруін бақылаймыз.




СМҮК рендер жүйесіне сай келетін каналдар төмендегі суретте келтірілген. Оларды көрсету үшін бейненің рендер жүйесін өзгертіру

керек болады. Мұның үшін негізгі менюнің **Изображение** (Бейне) бөлімінің бірінші тарауы – **Режим** (Тәртіп)-ті, құраған жаңа менюден **СМҮК** тарауын таңдаймыз.

Каналдарға жаңасын қосу мүмкін. Мұндай каналдардан бірі альфа канал деп аталады. Альфа каналдар бейненің бір бөлігін ажыратып алу үшін істетіледі.

Фильтрлер **PhotoShop**тың жаңа бір күшті жақтары болып табылады. Фильтр деп алдыннан белгілеп қойылған алгоритм бойынша бейнені қайта істеуге айтылады. Фильтрлер негізгі менюнің **Фильтр** (Фильтр) бөлімінде жиналған. Бұл бөлімнің тараулары төмендегі суретте келтірілген:



Бөлімнің бірінші жартысында көп істетілетін фильтрлер мен оларға сәйкес қойылған қостүймешелер келтірілген. Бөлімнің екінші жартысында қалған фильтрлер 10 топқа бөлінген. Соңғы тарау жәрдемінде интернеттен жаңа фильтрлерді жүктеп алу мүмкін.

Фильтрлердің қолданылуында мысалдар төмендегі суреттерде келтірілген. Бұл фильтрлер **Стилизация** (Стилизациялау) тобының **Выделение края** (Шетін ажырату) және **Тиснение** (Ойып шығу) фильтрлері:



Төмендегі суреттерде **Искажения** (Бұзылу) тобындағы **Дисторсия** (Қисық) және **Зигзаг** (Зигзак) фильтрлердің қолданылуы көрсетілген:



ЕСТЕ САҚТА !

Фильтрлер арқылы бейнелерді тез қайта істеу мүмкін.



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. RGB және CMYK реңдер жүйесінде неше канал бар?
2. Фильтрлер қалай іске түсіріледі?
3. Негізгі менюнің (Фильтр) бөліміндегі тараулар неше топқа бөлінеді?
4. Күшік немесе шөженің суретін жүктеп алып, оған түрлі фильтрлерді қолдап көріңдер және сәтті шыққан суреттерді жаңа атпен сақтап қойыңдар.
5. Фотосуретті жүктеп алып, оны суретші тарапынан сызылған сурет көрінісінде өткізіңдер.



ҮЙГЕ ТАПСЫРМА

Негізгі менюнің Фильтр (Filtr) бөлімі екінші бөлімдегі фильтрлердің бірнешеуін қолдап жаңа бейнелер құраңдар.




14- САБАҚ. ҚЫЛҚАЛАМ ЖӘНЕ ҚАЛАММЕН ІСТЕУ

PhotoShop пайдаланушылары арасында фотографтармен бірге дизайнерлер, суретшілер де көп ұшырайды. Олар үшін дайын суреттерді қайта істеумен бірге жаңа бейнелерді жарату да мүмкін. Мұның үшін сызу құрылғылардан пайдалану керек болады.

PhotoShopта сызу құрылғыларынан **Қарандаш** (Қалам), **Кисть** (Қылқалам) және **Линия** (Сызық) пайда болып, олар көмегінде сай тәрізде сызықтарды сызу, салаларды бояу және бейнеге дайын геометриялық фигураларды енгізу мүмкін. Бұдан тыс, бейнелерге вектор графика

элементтерін орнату үшін **Перо** (Сызу құралы) деп аталатын құрылғы да бар.

Қалам мен қылқалам құрылғылар панелінде бір түймеше астына орналасқан. Бұл түймеше құрылғылар панелінің төртінші қатары екінші ұстынына орналасқан. Оның үстіне тышқанды алып келіп, оң түймешені бассак, оған сай құрылғылар тізімі шығады. Бұл құрылғыларды шақыру үшін клавиатурада латын әрпі **В**-ны бір немесе бірнеше рет басу да мүмкін:



Кисть (қылқалам) құрылғысын таңдағанымызда, параметрлер панелі төмендегі көрініске өтеді.



A B C D E F G H I

Бұл түймешелердің негізгілерімен танысып шығамыз.

A – дайын қылқаламдарды таңдау.

B – қылқаламның диаметрін және көрінісін таңдайды.

C – Кисть (қылқалам) палитрасын экранға шығарады.

D – суреттегі және қылқалам реңдерді араластыру тәртібі (жиырмадан артық варианттар бар)

E – қылқаламда сызылған бейненің айқын еместігі (айқындылық артқан сайын боялған сала астындағы бейне көбірек көрініп тұрады).

G – қылқалам талшықтарының қаттылығы азайған сайын боялған сала бояумен қапталу пайызы артып барады.

H – бояуды сұрту тәртібінен себу тәртібіне өткізеді (**аэрографикалық** тәртібі).


Қылқаламның параметрлерін орнатуда және онымен істеуде Кисть (Қылқалам) палитрасынан пайдалану қолайлырақ. Оны параметрлер панеліндегі **C** түймешесін басып немесе басқа палитрлар секілді негізгі меню арқылы шақыру мүмкін. Бұл палитраның көрінісі төмендегі суретте көрсетілген.

Бұл палитра көмегінде Қылқаламдар жинағын (А), қылқаламның пішіні (В), оның үлкендігі (D, E), қанша бұрышқа бұрылғандығы (H), енінің неше пайыз құрауы (I), екі ізі арасындағы қашықтық (K) секілді параметрлерді таңдау мүмкін. Суретте жапырақ көрінісіндегі қылқалам таңдалған, оның өлшемі 90 пикельге тең, 45°-қа бұрылған, ені 56% ды құрайды. Екі ізі арасындағы арақашықтық 100%-ға тең. Сондай-ақ, бұл жерде қылқаламның бейнедегі ізі параметрлерін өзгертіру (С), қылқалам ізін горизонталь (F) және вертикаль (G) аудару, қылқаламның қаттылығын өзгертіру (J) мүмкін.

Бұл параметрлерінің әр бірін немесе бірнешеуін өзгертіріп, түрлі жапырақтарды алу, олармен бейнені толықтыру мүмкін. Қылқаламның реңін өзгертіру үшін PhotoShopтың негізгі реңін өзгертіру керек болады. Тышқанның сол түймешесі бір рет басылса, бір жапырақ қойылады. Сол түймешесін басып тұрып тышқанды қозғалтсақ, тышқанның ізі жапырақтармен толтырылады.

Бір карағанда қылқалам және қаламмен істеу арасында айырмашылық жоқтай көрінсе де, олар түрлі мақсаттарда істетіледі. Қалам жәрдемінде сызық сызылғанда бұл сызықтың шеттері анық ажыралып тұрады. Қылқаламда болса мұндай болуы шарт емес.

Қылқалам бірінші кезекте бояу үшін істетіледі. Бояу болса қылқалам қандай жылдамдық пен тартылғанына, қандай күшпен басылғаны, бояу сүртілгені немесе себілгеніне байланысты бейнеде өзгереді. Қаламда болса мұндай параметрлердің әсері болмайды. Құрылғылар панелінде қалам қылқаламмен бір түймеше астында орналасқан. Оны таңдау қылқаламды таңдау секілді жүзеге асырылады.



Қаламның параметрлер панелі қылқалам параметрлері панелі сияқты көрініске ие. Қаламның параметрлерін де қылқалам параметрлері сияқты өзгертіру мүмкін. Мәселен, қалам сызатын сызықтың қалыңдығын өзгертіру үшін оның параметрлер панеліндегі екінші түймешені (алдыңғы сабақтағы суретте **B** түймеше) басамыз.



Пайда болған қатынас айнасындағы бірінші сүргішті сүртіп, қаламның қалыңдығын өзгертіру мүмкін. Екінші сүргіш қаламның жұмсақ және қаттылығын өзгертіреді. Оны солға қарай сүрсек, қаламның қаттылығы асады, оңға қарай сүрсек қалам жұмсағырақ болады.

Қалам мен сызық сызу үшін тышқанның сол түймешесін басып, ол қозғалады. Мұнда дұрыс сызық кесінділерін сызу өте қиын. Егер қалам көмегінде кесінді сызу керек болса, Shift түймешесін басып тұрып, кесіндінің ұштары болуы керек болған жерде тышқанның сол түймешесін басу керек болады.

Shift түймешесін және тышқанның сол түймешесін басып тұрып, тышқанды әрекеттендірсек, әрекет бағытына қарап вертикаль немесе горизонталь кесінділер сызылады.

Егер **Ctrl** түймешесі басылса, сызылған сызықты қозғату мүмкін болады (қозғату құрылғысы уақытынша іске түседі). **Alt** түймешесі болса тамызғыш құрылғысын уақытынша іске түсіреді. **Alt**-ті басып тұрып, бейненің бірер бір орынға тышқанды алып келіп, сол түймешесі басылса, сол нүктенің реңі негізгі рең сипатында таңдалады да кейінгі сызықтар сол реңде сызылады.

Қалам жәрдемінде сызықтар сызудан тыс, оның пішінін өзгертіріп, бейнеге түрлі пішіндерді орнату мүмкін. Мәселен, жоғарыдағы суретте келтірілген қатынас айнасының төменгі бөліміндегі алаңының вертикаль сүргішін төменге сүрсек, онда қаламның жаңа пішіндері пайда болады. Одан көк шөп немесе жапырақ пішініндегі қаламды таңдап, бейнені оңайлықпен көк шөптер мен жапырақтардан толтыру мүмкін.



ЕСТЕ САҚТА !

Қалам құрылғысы көмегінде негізінен сызықтар сызылады.



СҰАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Қылқалам құрылғылар панелінің қай жерінде орналасқан ?
2. Қылқалам палитрасы көмегінде оның қайсы параметрлері қандай өзгертіледі?
3. Қылқалам көмегінде бейнеге түрлі реңдегі және түрлі өлшемдерге ие жапырақтарды да көк шөптерді де қосыңдар.
4. Қаламмен істеуде **Shift, Alt, Ctrl** түймешесі қандай міндеттерді орындайды?
5. Қалам көмегінде үшбұрыш, оның медианалары, ұзындықтары мен биссектрицаларын сызыңдар.
6. Танымал киноактерлерден бірінің суретін жүктендер де оның бетін ажыратып алыңдар да қылқалам құрылғысы көмегінде бояумен оның терісінің реңін ток реңге өткізу. (ақшылдатыңдар).




ҮЙГЕ ТАПСЫРМА

Қаламның параметрлерін панел көмегінде өзгертіріп сызылған сызықтың өзгеруін бақылаңдар және талдаңдар.




15- САБАҚ. БЕЙНЕГЕ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ФИГУРАЛАРДЫ ЖӘНЕ ВЕКТОРЛЫ ОБЪЕКТТЕРДІ ОРНАТУ

PhotoShopта геометриялық фигураларды бейнеге орнату үшін бір қатар құрылғылар болып, олар құрылғылар панелінің үшінші бөлімінде орналасқан:



Бұл құрылғылар жалпы алтау болып, олар көмегінде бейнеге тіктөртбұрыш (**A**), бұрыштары шеңберлі тіктөртбұрыш (**B**), эллипс (**C**), біркелкі көпбұрыш (**D**), дұрыс сызық кесіндісі (**E**) және қалаулы геометриялық фигура (**F**) орналастыру мүмкін. Бұл құрылғылардан бірі

таңдалғанда оның параметрлері параметрлер панелінде пайда болады. Мәселен, төмендегі суретте бұрыштары шеңберлі тіктөртбұрыштың параметрлері көрсетілген:



Бұл параметрлердің міндетімен танысып шығамыз:

A – бұл құрылғы үшін алдыннан орнатылған параметрлер.

B – пішіннің түрі (шекарасы, іші немесе екеуі).

C – пішіннің ішкі реңі.

D – пішін шекарасының реңі.

E – шекарасының қалыңдығы.

F – шекарадағы сызық түрі.

G – пішін бойы.

H – пішіннің биіктігі.

I – пішіннің алдыңғы пішіндермен байланыстыру түрі.

J – пішіндердің тегістеу әдістері


K – пішін орналасқан қабаттың басқа қабаттар арасындағы орны.

L – пішін өлшемдерін алдыннан анықтап алу.

M – бұрыштардағы ширек шеңбердің радиусы.

N – пішіндердің шекарасын тегістеу.

Бұл параметрлерге сай келетін геометриялық фигура төмендегі суретте көрсетілген.



Тіктөртбұрыш пен эллипс параметрлері де дәл сол сияқты болады, тек қана оларда **M** параметр болмайды. Дұрыс сызық кесіндісі параметрлерде болса **E** параметр істемейді. Кесіндінің қалыңдығы **M** орнында пайда болатын Толщина (Қалыңдығы) параметрі арқылы өзгертіріледі. Бұдан тыс, **L** параметр кесінді ұштарының көрінісін таңдау үшін қызмет етеді.


Біркелкі көпбұрыштар құрылғысында **M** параметр көпбұрыш

жақтарының санын таңдауда қызмет етеді. Бұдан тыс, біркелкі көпбұрыш сызу үшін тышқан алдын көпбұрыш орталығына алып келінеді. Соң оның сол түймешесін басып, орталықтан ұзақтастырылады. Керекті өлшемге қол жеткізгеннен соң, тышқан түймешесі қойып жіберіледі. Егер тышқан түймешесін қойып жібермей, оны көпбұрыш орталығы айналасында айналдырсақ, көпбұрыш та сол бағытта өзінің орталығының айналасында бұрылады.

Ерікті геометриялық фигура құрылғысының параметрлері де тек қана М параметрлермен ажыралып тұрады. Бұл параметр көмегінде бар пішіндерден керектісі таңдалады.

PhotoShop растрлы графика үшін арналған болса да, одан векторлы графикадан да кең пайдаланылады. Векторлы графика объекттерін жарату үшін арнаулы құрылғы болып, оның аты **Перо** (Сызу құралы).

Сызу құралы құрылғылар панелінің үшінші бөлімінде бірінші болып орналасқан түймеше арқылы шақырылады. Бұл түймеше астында бес құрылғы жасырынған болып, олар төмендегілер:



1. **Перо** (Сызу құралы) – шекаралары дұрыс немесе қисық сызық болған геометриялық пішін жаратады.

2. **Свободное Перо** (Еркін перо) – шекаралары ерікті болған геометриялық пішін жаратады.

3. **Перо+** (Сызу құралы+) жаратылған пішін шекрасына жаңа тірек нүкте қосады.

4. **Перо-** (Сызу құралы-) бар болған тірек нүктені алып тастайды.

5. **Угол** (Бұрыш) – қисық сызықта бұрыш құрау үшін істетіледі.

Перо құрылғысы таңдалғанда оның параметрлерінің панелі төмендегі көріністе болады:



Ондағы түймешелер төмендегі міндеттерді орындайды:

A – алдыннан жаратылған параметрлерді таңдайды.

B – сызу құралы көмегінде не жаратылуын таңдайды.

C – жаратылған объектті ажыратуға айналдырады.

D – жаратылған объектті маскаға айналдырады.

E – жаратылған объектті геометриялық пішінге айналдырады.

F – жаратылған объектті одан алдын жаратылған объектпен бірлестіру әдісін таңдайды.

G – жаратылған объектті орналастыруды тегістеу әдісін таңдайды.


H – жаратылған объект орналасқан қабаттың басқа қабаттарына сай орнын таңдайды.

L – нәтижелерді көріп тұру байрағын орнатады немесе жарамсыз етеді.

M – жаңа объектті жаратуды оптималдастырады.

N – объекттің шеттерін тегістейді.

Перо құрылғысы көмегінде әдетте контурлар жаратылады. Контурлар болса геометриялық фигураға, маскаға немесе ажыратылатын сала шекарасына айналдырылуы мүмкін. Соның үшін перо құрылғысында пероның қалыңдығы мен реңі сынды параметрлер болмайды. Маскалардан жаратылатын бейненің бір бөлігін байқаусыз өзгерістерден қорғау үшін пайдаланылады.



Перо көмегінде сынық сызық үшін перо құрылғысын таңдап, сызық ұштарында тышқанның сол түймешесін кезекпе-кезек басып шығу жетерлі. Қисық сызық сызу үшін де бұл сызықтың түйін нүктелерін көрсетіп шығу керек болады. Бірақ мұнда қисық сызықтың сол түймешесін басып тұрып көрсету керек болады.

Пероны істету еңбек және сызу сабақтарында қисық сызықты сызғыштар: лекалолардан пайдалануға ұқсап кетеді. Қисық сызыққа қосымша түйін нүктелер қосу немесе артықшаларын алып тастаумен оны редакторлау және құрылып жатқан қисық сызықтың көрінісін бүтіндей өзгертіріп жіберу мүмкін. Мұнда **Перо+** (Сызу құралы+) және

Перо – (Сызу құралы–) құрылғылары өте оң келеді.

Перо құрылғысынан пайдалану біраз шеберлікті талап етеді. Соның үшін онда құлтпен көбірек істеңдер.



ЕСТЕ САҚТА !

Перо көмегінде жаратылған контурды геометриялық фигураға, маскаға немесе ажыратылған салаға айналдыру мүмкін.



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. **PhotoShop**та бейнелерге геометриялық фигураларды қосатын қанша құрылғы бар?
2. Геометриялық фигураларды бейнеге орналастыру құрылғылары клавиатура арқылы қалай активтендіріледі?
3. Геометриялық фигураларды орнату құрылғылары көмегінде бейнеге бірнеше геометриялық фигураны орналастыр. Олар орналасқан қабаттар кетпе-кеттігін өзгертіңдер.
4. Перо құрылғысында бірнеше жабық сынық сызық сызыңдар. Оларды геометриялық фигураға өткізіндер.
5. Перо құрылғысы көмегінде бірнеше жабық қисық сызық сызыңдар. Оларды ажыратылған салаға айналдырыңдар.
6. **Перо+** (Сызу құралы+) және **Перо–** (Сызу құралы–) құрылғылары көмегінде болған сызықтарға қосымша түйін нүктелер қосыңдар да олардан кейбіреулерін алып тастаңдар.




ҮЙГЕ ТАПСЫРМА

Алты геометриялық пішін құрылғыларының әрбіреуінен пайдаланып алты объекті бір бейнеге орналастырыңдар.




16- САБАҚ. БЕЙНЕГЕ МӘТІН ОРНАЛАСТЫРУ

Бейнеге көбінесе мәтін қосымшаға дұрыс келеді. **PhotoShop** мәтінмен істеуде де кең мүмкіндіктерге ие. Мәтінмен істеу құрылғылары құрылғылар панелінің үшінші бөлімінде екінші болып орналасқан. Олардан керектісін мәтін құрылғылары түймешесінің үстіне тышқанды алып келіп, сол түймешесін басу және тізімнен қажеттісін таңдаумен іске асыру мүмкін. Басқа құрылғылар сияқты оларды да клавиатура арқылы іске асыру мүмкін. Мұның үшін оған сәйкес қойылған латын әліппесінің бас әрпін Т-ны бір немесе бірнеше рет басу керек болады.



Мәтінмен істеу үшін төрт құрылғы бар болып, олардан біріншісі горизонталь мәтін, екіншісі вертикаль мәтін, үшіншісі мен төртіншісі горизонталь және вертикаль маска мәтін деп аталады. Бұл құрылғылар көмегіндегі суретте көрсетілген. Олардан біріншісі горизонталь мәтін құрылғысын іске түсіреміз. Параметрлер панелінде оның параметрлері пайда болады:



Ондағы он екі параметрден оны суретте көрсетілген. Олардың міндеттерімен танысып шығамыз.

A – алдын енгізілген мәтін параметрлерін шақырады.

B – мәтін бағытын басқасына өзгертіреді.

C – мәтін үшін шрифт таңдайды.

D – мәтіннің көрінісі (қарапайым, қия, жуанды) таңдайды.

E – мәтін өлшемін таңдайды.

F – әріптердің фонмен қосылып кету әдісін таңдайды.

G – мәтіннің қайсы тараптан тегістелуін көрсетеді.

H – мәтін реңін таңдау үшін істетіледі.

I – мәтіннің пішінін өзгертіру үшін қызмет етеді.

J – **Символы** (Белгілер) мен **Абзац** (Абзац) палитраларын палитралар саласына шығарады.

Олардан тыс, параметрлер панелінің соңында екі нүкте болып, олар мәтін енгізуді аяқтау үшін істетіледі. Олардан біріншісі енгізілген мәтінді жарамсыз деп білсе, екіншісі енгізілген мәтінді жеке қабатта сақтап қояды.

Мәтін енгізуді аяқтау үшін **Ctrl+Enter** қостүймешесінен пайдалану


немесе құрылғылар панелінде басқа құрылғыны таңдау керек.


Енгізілген мәтін екі түрлі болуы мүмкін: қарапайым (қысқа) мәтін мен мәтін блогы. Қарапайым мәтін бейнеге қысқа жазулар, мәселен оның аты, авторы сияқтыларды енгізу үшін қызмет етсе, блокты мәтін үлкен көлемдегі мәтінді енгізу мен оларды әшекейлеу үшін істетіледі.

Қарапайым мәтін енгізу үшін мәтін құрылғысын таңдап, мәтін енгізілетін саланың сол төменгі бұрышын таңдау жетерлі. Мәтін блогын енгізу үшін бұл блок иелейтін сала ажыратып алынуы керек. Саланы ажыратып тіктөртбұрыш сызу сынды амалға асырылады: блоктың бір бұрышына тышқан көрсеткіші алып келінеді де оның сол түймешесін басып тұрып, тышқан көрсеткіші блоктың қарама-қарсы ұшына қарай келтіріліп түймеше қойып жіберіледі.

Бұл екі түрдегі мәтінді бір түрден екіншісіне өткізу мүмкін. Мұның үшін тышқанды мәтін үстіне алып келіп, оң түймешесі басылады. Пайда болған тақырыпқа тән менюден [Преобразовать в блочный текст](#) (Мәтін блогына айналдыру) немесе [Преобразовать в простой текст](#) (Қарапайым мәтінге айналдыру) тарауы таңдалады.


Мәтінмен істеуде [Символы](#) (Белгілер) және [Абзац](#) (Абзац) палитралары және де көбірек мүмкіндіктерге ие. Бұл палитралардың көрінісі төменде келтірілген:





Бейнеге енгізілген мәтін үстінде бірқатар фигура алмастыру тәсілдерін орындау мүмкін. Мұнда енгізілген мәтін графикалық бейне сипатында қаралады да ондағы әріптердің көрінісі өзгертіріледі. Бұл тәсілдерді орындау үшін алдын мәтін енгізіледі, соң параметрлер

панельдегі **I** құрылғы (60-беттегі екінші сурет) таңдалады.




Нәтижеде экранда бұл құрылғының қатынас айнасы пайда болады. Ондағы бірінші алаң **Стиль** (Стиль) деп аталады. Онда пішін алмастырудың түрі таңдалады. Олардың саны он бес болып, төрт топқа ажыратылған. Бұл стильдердің аттарының тізімі төмендегі суретте көрсетілген:

Олардың аттарының алдында кіші суретте мәтін қандай көріністе өтуі кестелі түрде көрсетілген. Бұл алаңның төменінде таңдалған стильдің бірнеше параметрлері келтірілді. Оларды өзгертіріп, пішін алмастыруды өзіміз қалаған көрініске келтіруіміз мүмкін.

Айнаның оң тарапындағы **ОК** түймешесі пішін алмастыруды орындауға бұйрық береді. **Отмена** түймешесі болса пішін алмастыруды болдырмайды.

Төмендегі суретте бұл пішін алмастырулардан кейбіреулеріне мысалдар келтірілген. Оларда пішін алмастыру түрі таңдалған болып, параметрлердің құны өзгертірілмеген.

Мәтінге стиль қолдауда **Стили** (Стилситика) палитрасынан пайдалану мүмкін. Бұл палитраны шақыру үшін негізгі менюнің **Окно** бөліміндегі **Стили** (Стилситика) тарауын таңдау керек болады. Бұл палитра мәтіннен басқа объекттер үшін де стильді анықтауда істетіледі. Мұның үшін алдын оның жасырын менюсінен (оң жоғары бұрыштағы түймеше) **Эффекты для текста** (Мәтін үшін эффекттер) немесе **Эффекты для текста 2** (Мәтін үшін эффекттер 2-ні таңдау керек болады. Олардан біріншісін таңдауымызда палитра төмендегі көрініске өтеді:



Ондағы әрбір түймеше жеке стильге тиісті және бұл түймешеларден бірі басылуымен ажыратылған мәтінге сол стиль қолданылады. Төменде олардан кейбіреулер үлгі негізінде келтірілген:



ЕСТЕ САҚТА !

Мәтінді әшекейлеу үшін **Стили** (Стиль) палитрасынан пайдаланса болады.



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. PhotoShopта қанша мәтін орналасу құрылғылары бар?
2. Мәтінмен істеуді аяқтаудың қандай әдістерін білесіңдер?
3. Мәтін орналастыру құрылғысының параметрлер панелінде қандай параметрлер орналасқан?
4. Мәтінмен істеуде қайсы палитралардан пайдаланылады?
5. Мәтін үстінде пішін алмастыру қандай орындалады?
6. Мәтін үстінде неше түрлі түрдегі пішін алмастырулар бар?
7. Стили (Стильдер) палитрасында мәтін үшін стильдердің қанша жинағы бар?



ҮЙГЕ ТАПСЫРМА

Өз есіміңді жазып, оған жоғарыдағы суретте көрсетілген пішін алмастыруларымен әдістерін қолдандар.



17- САБАҚ. БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

Төмендегі берілген варианттардан бақылау жұмыстарын өткізуде пайдалану ұсынылады.

1- вариант

1. RGB реңдер жүйесі.
2. Қылқаламмен істеу.
3. Бейнедегі компьютер экранына өзіңнің суретіңді орналастыр.

2- вариант

1. CMYK реңдер жүйесі.
2. Қаламмен істеу.
3. Автокөліктің жан айнасынан мектебіңнің ғимаратын орналастыр.

3- вариант

1. HSB реңдер жүйесі.
2. Бейнеге геометриялық пішіндер орналастыр.
3. Фотосуретіңді кубтың ішкі жағына орналастыр.

4- вариант

1. Қызыл реңдер жүйесі.
2. Бейнеге мәтін орналастыр.
3. Жаңа бейне жаратып, оған бес түрлі геометриялық фигура орналастыр.

II ТАРАУ. Web-ДИЗАЙН НЕГІЗДЕРІ

Сен осы тарауды оқып, Web-парақша, Web-сайт, Web-дизайн түсініктері мен оның бағдарламаны қамтуы, **Macromedia Flash** 8 бағдарламасы көмегінде Web-парақшалар жарату, оларға суретті, графикалық, дыбысты мәліметтерді жайластыру әдістерін, сондай-ақ, формалар, анимациялар жарату мен оларды жайластыру және Web-парақшалар арасында байланыстарды орнату туралы білім, білік және дағдыларға ие боласыңдар.



18-САБАҚ. Web-ПАРАҚША, Web-САЙТ ЖӘНЕ Web-ДИЗАЙН ТҮСІНІКТЕРІ

Интернетте ақпараттарды жайластыру мен оларды компьютер экранындағы көрінісі ыңғайлы болуы үшін Web-парақшалардан пайдаланылады.

Web-парақша (ағылшынша – Web page) – бұл HTML файл кеңдігіне ие болған гипермәтінді файл болып есептелінеді.

Әр түрлі Web-парақшаларға тарқатылған және өзара байланысты болған құжат гипермәтін деп аталады. Оған мәтін, сурет, дыбыс, видео және анимация секілді мәліметтер жайластыру мүмкін.

Web-парақшада мәліметтер бет көрінісінде беріледі. Бұл парақшалар, әдетте, **HTML** құжат, яғни **HTML** тілінде жазылған құжат деп аталады. Бұл халде жазылған құжаттарды көру үшін арнаулы бағдарламалар істетіледі. Мұндай бағдарламалар **Brauser** (көруші)лер деп аталады. **Windows** мұхитында стандарт істетілетін **Brauser** бұл **Internet Explorer** есептелінеді.

Web-сайт (ағылшынша – Website, web – өрмекші торы, site – орны) – бұл бірнеше web-парақшаларды компьютер тармағында бір адрессте топтастыратын файлдар жиынтығы (Domain-ге яки IP-ға ие болады).

Домен – бұл бірер-бір серверде орналасқан сайтқа алып барылатын орын.

Барлық Web-сайттар қайсы бір серверде жайласқан болады. Негізінде Сен **хостинг** қызметінен пайдаланып, сайтындағы мәліметтерді қандайда бір серверге жайластырғанында сайтыңа **IP** мекеніне ие болады. Мәселен: **94.100.180.199**. Егер **домен** болмағанында жаратылған Web-сайтты жүктеу үшін **браузерде 94.100.180.199** сандар жазылады.

Хостинг – бұл web-сайт үшін жай ажыратып беретін қызмет түрі.

Әдетте **домен** беруші компанияларда да **хостинг** қызметі болады. **Хостинг** және **доменді** бір компаниядан немесе жеке компаниялардан да алу мүмкін. Web-сайттар үшін **хостинг** беруші компанияларда кең көлемдегі арнаулы серверлер бар. Олар тынымсыз істеп тұру арқылы Web-сайттардың істелуін қамтамасыз етеді.

Web-дизайн – бұл жаратылатын web-сайттарға техникалық жұмыс беру және ақпараттарды жүйелі түрде қалыптастыру болып табылады.

Ақпараттар бір-бірімен гипермәтінді байланыстар көмегінде Web-парақшаларға тарқатылады. Мұндай парақшалармен бірге Web-сайтты құрайды. Web-сайттар Интернеттің жеке ақпарат аралығында бірігеді. Мұнда Web-сайт пен Web-парақшалар өзара әртүрлі әдістермен байланысады. Осы жеке аралық **World Wide Web** (бүтін дүние өрмекші торы) немесе қысқаша **WWW** дейіледі. Web-парақшаларға гиперқатынас **WWW**-дың негізгі ерекшеліктерінен бірі. Қалаған бір құжаттан басқа бір **WWW** құжатқа **HTML** дің арнаулы тектері көмегінде қатынас жасалады. Интернетте істеген уақытыңда сендер Web-парақшаларға гипермәтінді қатынастарға дұшар боласың. Бұл мәтін фрагменттері көк шрифтте және асты сызылған болады. Егер сендер сол жазуды тышқан түймешесі көмегінде бассандар, ол автоматтық түрде басқа Web-парақшаларға қатынас жасайды.

Алғаш Web-сайт жарату үшін тек қана **HTML** тілін жақсы меңгерген мамандар тарапынан жүзеге асырылған. Осы проблеманы шешу

мақсатында, түрлі ақпарат технологиялары саласындағы компаниялар тарапынан заманауи бағдарламалы құралдар жаратылған. Осы бағдарламалы құралдардан пайдаланып Web-сайт жаратудың барлық басқыштары **HTML** тілі кодына таянған халде амалға асырылған. Бірақ, **HTML** тілінің барлық айырмашылықтарына қарамастан, Web-сайтты басқару, уақыт өткен сайын жаңа мәліметтерді қосуда бірнеше қиыншылықтарға кездеседі. Осы қиыншылықтарды жою мақсатында жаңа бағдарламаны қамтамасыз ету істерін бастауда қажеттілік сезіледі. Бұл бағдарламаны қамтамасыз ету контентті (мәліметтерді) басқару жүйелері (**CMS** – Content Management System) деп аталады.

Осы сәтте Web-сайт жаратуды екі түрлі әдісте амалға асыру мүмкін: статистикалық және динамикалық. **HTML**-да жазылған Web-сайттар статистикалық халде болса, заманауи Web-сайттар **динамикалық** көрініске ие.

CMS жүйелерінің негізгі артықшылығы, динамикалық Web-сайттарды жеңіл жарата алу мен оларды әр түрлі ақпараттармен толықтыру мүмкіндігі бар. Бүгінгі күнде, **CMS** негізінде құрылған **Drupal, PHP-Nuke, WebDirector, NetCat, Slaed, Microsoft CMS, WordPress, PHPShop** сияқты платформаларды мысал ретінде айту мүмкін.

Төменде Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрлігінің Web-сайтының негізгі беттерінен үзінді келтірілген (**uzedu.uz**):



Web-парақшалар жаратудың негізі сипатында бейнелі өнердің жаңа түрі Web-дизайнға тікелей байланысты. Интернет дизайнерлері сурет пен бейнелер дайындаумен шектеліп қалмастан, дайындалған сурет пен бейнелерді тармаққа жайластыру, Web-парақшалар арасында

байланыстар орнату, мәтін, бейне және суреттердің әрекетін жүзеге асыру, рендерді эстетикалық тұрғыдан дұрыс және көркем таңдауға көңіл аудару қажет.



ЕСТЕ САҚТА !

Web-сайт жарату екі түрлі әдісте амалға асырылуы мүмкін: статистикалық және динамикалық.



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Web-парақша дегенді нені түсінесіңдер?
2. Интернет тармағынан (uzedu.uz) Web-сайтын жүкте және оның дизайнын анализ жасаңдар.



ҮЙГЕ ТАПСЫРМА

1. Web-сайт дегенде нені түсінесіңдер?
2. Интернет тармағынан (natlib.uz) Web-сайтын жүкте және оның дизайнын талдау жасаңдар.



19 - САБАҚ. Web-ДИЗАЙН ЖӘНЕ ОНЫҢ БАҒДАРЛАМАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУІ. MACROMEDIA FLASH БАҒДАРЛАМАСЫ КӨМЕГІНДЕ Web-ПАРАҚША ЖАРАТУ МЕН ӘШЕКЕЙЛЕУ

Бүгінгі күнде Web-парақшаларды жарату мен оларды әшекейлеуде **Java Script**, **Macromedia Dreamweaver**, **Macromedia Flash** сияқты бағдарламалы құралдардан пайдаланылады. Осы бағдарламалы құралдар көмегінде Web-парақша жарату, оларға суретті, графикалық мәліметтерді түрлі әдістерде жайластыру мен анимациялар жарату және оларды орнату әдістері, дыбысты мәліметтерді жайластыру, Web-парақшаларын өзара бір-бірімен байланыстыру сияқты мүмкіндіктерге ие.

Java Script бағдарлау технологиясы болып, **HTML** құжаттарды жаратуда істетіледі. Онда макробұйрық технологиясы, яғни бірнеше бұйрықты бір макробұйрық пішінде бейнелеу кең қолданылған.

Java Scriptта арифметикалық амалдар **Paskal** бағдарламасының тілімен әртүрлі болып, математикалық функциялар болса төмендегіше:

Р/с	Функция	Міндеті
1.	Math.abs(a)	a санының модулін есептейді.
2.	Math.pow(a,b)	a ның b дәрежесін есептейді.
3.	Math.sqrt(a)	a санының квадрат тізімін есептейді.

4.	<i>Math.cos(a)</i>	a санының косинусын есептейді.
5.	<i>Math.sin(a)</i>	a санының синусын есептейді.
6.	<i>Math.tan(a)</i>	a санының тангенсін есептейді.
7.	<i>Math.log(a)</i>	a санының натурал логарифмін есептейді.

Java Scriptта формалар құрау және математикалық есептерін орындау Windows операциялық жүйесінің блокнот мәтін редакторынан пайдаланып, HTML коды ішінде, негізінен <HEAD> астының арасында жазылады.


1-жаттығу. Java Scriptта үшбұрыштың ауданын Герон формуласынан пайдаланып есептеуші форма айнасын құрау ($S = \sqrt{p(p-a)(p-b)(p-c)}$), $p = (a+b+c)/2$, a, b, c – үшбұрыш тараптарының ұзындықтары).

Орындау:

1. Блокнот мәтін редакторы жүктеледі.

2. Бағдарлау алаңына төмендегі бағдарлама коды жазылады:

```
<html> <head> <title>үшбұрыш </title> </head>
<body> <font color="green" size=5>Үшбұрыштың ауданын есепту</font>
<script type="text/javascript"> функциялық есеп () {
var a=1*document.myform.tomon1.value;
var b=1*document.myform.tomon2.value;
var c=1*document.myform.tomon3.value;
if ( ((a+b)>c) && ((a+c)>b) && ((b+c)>a) ) { var p=(a+b+c)/2;
var s=Math.sqrt(p*(p-a)*(p-b)*(p-c));
document.myform.javob.value=s; } else {
document.myform.javob.value="Берілген құндардан үшбұрыш жасап
болмайды ";} } </script> <form name="myform">
<b><font color="0000ff">Үшбұрыш тараптарының құнын енгізіңдер:
<p> a кесінді ұзындығы: <input type="text" size="20" name="tomon1">
<p> b кесінді ұзындығы: <input type="text" size="20" name="tomon2">
<p> c кесінді ұзындығы: <input type="text" size="20" name="tomon3"> <p>
<input type="button" value="Есептеу" onclick="есеп()">
<input type="reset" value="Жаңалау">
<p> Үшбұрыш ауданы <input type="text" size="50" name="javob"> </
form> </body> </html>
```



3. Компьютер жадына кез келген ат беріп **HTML** кеңейтірілуімен сақталады (Мәселен: sahifa.html).


4. Бағдарламаны жүктеп, үшбұрыш жақтарының құндары енгізіліп, есептеу түймешесін басу арқылы нәтижені көру мүмкін.

Macromedia Dreamweaver 8 бағдарламасы **Macromedia** компаниясының бағдарламалы өнімдері болып, осы бағдарлама Web-парақша мен Web-сайттар жарату үшін ыңғайлы бағдарламалы құрал есептелінеді. Бағдарламаға түрлі суреттер, кестелер, аудио, видео файлдар орнату және мәтін енгізу мүмкін.

Macromedia Dreamweaver 8 бағдарламасында **giper** байланыстар орнату үшін - **Hyperlink**, суреттерді жайластыру - **Images**, кестелер жарату - **Table**, анимация эффекттері мен түймешелірін жайластыру - **Media: Flash** белгілерінен пайдаланылады. Жұмысшы бетке рең беру үшін тышқанның оң түймешесі басылып, пайда болған тізімнен **Page Properties...** тарауы таңдалады. Айнаның **Appearance** тарауына өтіп керекті реңдер таңдалады. Дыбысты мәліметтерді жайластыру үшін **Insert→Media→Flash** видео... кетпе-кеттігі таңдалады.

Macromedia Flash 8 бағдарламасы векторлық графикадан пайдалануға негізделген технология. **Macromedia Flash 8** бағдарламасы ең сапалы графикалық форматтардан болмаса да, **SWF** форматы пайдалануда шектелмеген графиктермен істеу мүмкіндіктеріне ие болып, Web-парақша және Web-сайт жарату үшін ең ыңғайлы бағдарламалы құралдардан бірі болып есептелінеді. Web-парақша жарату үшін барлық әшекей мен анимация эффекттерін өзінде жарату және есеп істерін орындау үшін бағдарламалы мүмкіндіктеріне ие. Сондай-ақ, ол барлық **браузер**лерде ашылуы, жүктелу дәрежесінің жылдамдығы мен мәліметтерді қатесіз көрсете алуымен басқа бағдарламалы құралдардан ажыралып тұрады.

Macromedia Flash 8 бағдарламасын жүктеу кетпе-кеттігі төмендегіше: Пуск→Все программы→**Macromedia**→**Macromedia Flash 8**→**flash Document**. Нәтижеде төмендегі айна пайда болады:



Жабдыктар панелінің міндеттері төмендегі кестеде көрініс тапқан:

P/C	Жабдық беті	Жабдық аты	Жабдық міндеті
1.		Selection Tool (V)	Бірнеше фигура мен белгілерді белгілеуде пайдаланылады
2.		Subselection Tool (A)	Фигура мен білгілерді белгілеуде пайдаланылады.
3.		Free Transform Tool (Q)	Объектті өзгертіру (айлантыру) да пайдаланылады.
4.		Fill Transform Tool (F)	Ренді өзгертіруде пайдаланылады.
5.		Line Tool (N)	Тік сызық сызуда пайдаланылады.
6.		Lasso Tool (L)	Мәжбүри фигура мен белгіні белгілеуде пайдаланылады.
7.		Pen Tool (P)	Әрбір фигуралар сызуда пайдаланылады.
8.		Text tool (T)	Мәтін жазуда пайдаланылады.
9.		Oval Tool (O)	Айнала және эллипсис сызуда пайдаланылады.

10.		Rectangle Tool (R)	Тіктөртбұрыш сызуда пайдаланылады.
11.		Pencil Tool (Y)	Сурет және әртүрлі фигураларды реңдеуде пайдаланылады.
12.		Brush Tool (B)	Фигура сызу және фигураларды реңдеуде пайдаланылады.
13.		Ink Bottle Tool (S)	Фигуралардың салаларын реңдеуде пайдаланылады.
14.		Paint Bucket Tool (K)	Фигураларға рең беру беруде пайдаланылады.
15.		Eyedropper Tool (I)	Мәжбүри саладағы реңді анықтауда пайдаланылады.
16.		Eraser Tool (E)	Пайда болған фигураларды асыруда пайдаланылады.
17.		Hand Tool (H)	Жұмыс саласын сүруде пайдаланылады.
18.		Zoom Tool (M,Z)	Жұмыс саласын үлкейтіру мен кішірейтуде пайдаланылады.

Жоғарыда келтірілген бағдарламалы құралдар көмегінде Web-парақша, Web-сайт жарату және оларды әшекейлеуде пайдаланылады.



ЕСТЕ САҚТА !

Java Scriptda арифметикалық амалдар Paskal бағдарламасының тілімен бірдей болады.



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Java Scriptda берілген екі санның жиынтығы есептеуші форма айнасын құрайды.
2. Macromedia Dreamweaver 8 бағдарламасында төмендегі тапсырмаларды орындандар: мәтін жазындар; мәтінге рең беріндер; жұмысшы айнаға рең беріндер; жаратылған файлды компьютер жадында сақтаңдар.



ҮЙГЕ ТАПСЫРМА

1. Java Scriptта санның квадрат баданасын есептеуші форма айнасын құрандар.
2. Macromedia Dreamweaver 8 бағдарламасын жүктендер және оған сурет жайластырып компьютер жадында сақтаңдар.



20- САБАҚ. Web-ПАРАҚШАЛАРҒА СУРЕТТИ, ГРАФИКАЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕРДІ ЖАЙЛАСТЫРУ МЕН ӘШЕКЕЙЛЕУ

Macromedia Flash 8 бағдарламасының жабдықтар панелінде бейнелерді сызу мен оларға рең беру және мәтінді мәліметтерді жазу үшін арналған құрылғылар жайластырылған болып, ол төрт бөлімнен тұрады:

1. **Tools** – бұл бөлімде дұрыс сызық, қисық сызық, шеңбер, эллипс, төртбұрыш сызу, мәтін жазу, белгі мен пішіндерді белгілеу, сызылған пішіндерді өшіру істерін жүзеге асыру мүмкін.

2. **View** – бұл бөлімде жұмышы бетіндегі бейнелерді көру мен басқару мүмкін.

3. **Colors** – бұл бөлімде сызылған пішіндер шекарасы мен салаларына рең беру мүмкін.

4. **Options** – бұл бөлімде кейбір таңдалған жабдықтар үшін қосымша параметрлерін орнату элементтері жайластырылған.

Қосымша параметрлер болмаған құрылғылар үшін **Options** алаңы бос қалады.


Macromedia Flash 8 бағдарламасында графикалық объекттердің қосымша мүмкіндіктерін редакторлау құрылғысының **Properties** бөлімінде амалға асыру мүмкін.

Macromedia Flash 8 бағдарламада жаратылған Web-парақшаларға дайын суреттерді жайластыру үшін төмендегі кетпе-кеттік орындалады: **File**→**Import**→**Import to stage**... немесе **Ctrl+R** түймешесін басы арқылы сурет жайластырылған орын таңдалады да керекті сурет белгіленіп, **Открыть** түймешесі басылады. Суреттің өлшемдері **Properties** бөлімінің **W**: ва **H**: қатарынан пайдаланып өзгертіледі.

Macromedia Flash 8 бағдарламасында әр түрлі белгі, қосымша түймешелер мен Web-парақшаға күнтізбе жайластыру үшін **Windows**→**Components** кетпе-кеттік таңдалады.

1-жаттығу. Төмендегі Web-парақшаны құрастырыңдар:

Осы айнаға “11-А сынып” түймешесі басылғанда, 11-А сынып оқушыларының тізімі, “11-В сынып” түймешесі басылғанда, “11-В сынып” оқушыларының тізімі, “11-Д сынып” түймешесі басылғанда, “11-Д сынып” оқушыларының тізімін шығарсын.




Орындау:

4. **Text tool (Т)** жабдығынан пайдаланып “11-сынып оқушыларының Web-парақшасы” жазуы енгізіледі.

5. Енгізілген жазулардың реңі мен өлшемдерін **Properties** бөлімінен өзгертіріледі.

6. Айнаға түймешелер орнату үшін менюлер қатарынан **Windows→Common→Libraries→Buttons** кетпе-кеттілік таңдалады.

7. Тізімнен керекті түймеше белгіленіп, тышқанның сол түймешесімен қозғалтып жұмысшы салаға өткізіледі.



8. Түймешелерге жазу үшін тышқанның сол түймешесін екі рет кетпе-кет басу арқылы амалға асырылады. Түймешенің өлшемдерін өзгертіру үшін **Properties** бөлімінің **W:** және **H:** қатарынан пайдаланылады.

9. **F7** түймешесін 3 рет кетпе-кет басып, 3 айна пайда болады да әрбір айнаға сәйкес түрде 11 А, 11 В, 11 D-сыныптар туралы мәліметтер енгізіледі.

10. “11-А сынып” атты түймеше белгіленеді де **F9** түймеше басылады (бағдарламалау алаңына өтіледі).

11. “11-А сынып” атты түймешені басқанымызда кезектегі айнаға өту үшін түймешенің бағдарлау шеңберіне төмендегі бағдарлама коды енгізіледі:

on (release) { gotoAndStop(2); }

12. “11-B сынып” түймешесінің бағдарламалау алаңына төмендегі бағдарлама коды енгізіледі: `on (release) { gotoAndStop(3); }`

13. “11-D сынып” түймешесінің бағдарламалау алаңына төмендегі бағдарлама коды енгізіледі: `on (release) { gotoAndStop(4); }`

14. Екінші айнадан бірінші айнаға өту үшін төмендегі бағдарлама коды енгізіледі: `on (release) { gotoAndStop(1); }`

15. Жұмысшы саланың бағдарламалау алаңына төмендегі бағдарлама коды енгізіледі (F9 түймешесін басу арқылы): `stop();`

Егер осы код енгізілмесе айна белсенді түрде өткізілгенде жазулар мен түймешелер әрекетте болады.

16. Нәтижені тексеріп көрі үшін **Ctrl+Enter** немесе **F12** түймешелері басылады (айна белсенді түрде өтеді).

17. Жаратылған Web-парақша компьютер жадында сақтау үшін төмендегі кетпе-кеттік орындалады: **D** дисктен (қалаған диск немесе папкада сақтау мүмкін) “11-сынып” атты папка жаратылады да бірінші рет **File→Sav As..** таңдалып, Сохранить түймешесі басылады. Екінші рет **File→Publish Settings...** таңдалады. Пайда болған айнадан **Flash (.swf)** және **HTML (.html)** бөлімдері белгіленіп, **Publish** түймешесі басылады.

2-жаттығу. Халыққа білім беру министрлігінің төмендегі Web-сайтының бос парақшасын даярлау (uzedu.uz):



Орындау:

1. **Rectangle Tool (R)** жабдығы таңдалады.
 2. **Properties** бөлімінің **Fill color** тарауына рең беріледі.
 3. Айнадағы суреттер **PhotoShop** бағдарламасында дайындалады немесе дайын суреттер жиналып, компьютердің **D** дискіне “Суреттер” атты папкаға жинақталады.
 4. **Ctrl+R** түймешелер басылады да **D** дискіндегі “Суреттер” атты папкадан сурет таңдалып, Открыть түймешесі басылады.
 5. Жүктелген суреттер айнаның керекті жайларына жайластырылады да өлшемдері **Properties** бөлімінің **W**: және **H**: қатарына өзгертіріледі.
 6. **Rectangle Tool (R)** жабдығы көмегінде төртұрыш пішіндер сызылады.
 7. **Text tool (T)** жабдығын пайдаланып айнадағы барлық жазулар жазылады.
 8. **Line Tool (N)** жабдығынан пайдаланып тік сызық сызылады.
 9. Пайда болған Web-парақшаны компьютер жадында сақталады **3(Ctrl+Shift+S** түймешелері басылады да Имя файл қатарына ат беріп Сохранить түймешесі басылады).
- Сөйтіп, **Macromedia Flash 8** бағдарламасы көмегінде түрлі Web-парақшалар жарату мен онда әшекей істерін алып бару мүмкін.



ЕСТЕ САҚТА !

Web-парақша жаратуда айнаның бағдарламалау алаңына төмендегі бағдарлама кодын енгізу керек: `stop()`;



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. **Macromedia Flash 8** бағдарламасында пайда болған түймешелірдің бағдарлау алаңына қалай өтіледі?
2. Халыққа білім беру министрлігі Web-сайтының “Ta’limda AKT”, “Sayt xaritasi”, “Forum” парақшаларын дайындаңдар.



ҮЙГЕ ТАПСЫРМА

1. **Macromedia Flash 8** бағдарламасының **Properties** бөлімін талдау жасаңдар.
2. **Macromedia Flash 8** бағдарламасында 4 айна құрастырыңдар да оларға түймешелер жайластырыңдар. Түймешелер басылғанда бір айнадан кезектегі айнаға өтсін.



21-САБАҚ. Web-ПАРАҚШАЛАРДА ФОРМАЛАР ЖАРАТУ ЖӘНЕ ӘШЕКЕЙЛЕУ

Бізге белгілі Web-парақша мен Web-сайттар жаратуда формалар құрастыру және оларға мәліметтерді енгізу, енгізілген мәліметтерді топтау қажет болып есептелінеді. **Macromedia Flash 8** бағдарламасында осы істерді амалға асыру мүмкіндігі бар.

Macromedia Flash 8 бағдарламасында сызықтар торкөздер құрастыру үшін **Text tool (T)** жабдығынан, Web-парақша жұмысшы түрге өткізіліп, мөлшерлер енгізілген әрбір торкөздер айрықша көрініп тұруы үшін **Properties** бөлімінің **Show border around tex** тарауынан, пайда болған торкөздерге мөлшерлер енгізу және есеп нәтижелерін шығару үшін **Input text** тарауынан, енгізілген мәтіндерді торкөзге шығару үшін **Dynamic Text** тарауынан пайдаланылады.

Macromedia Flash 8 бағдарламасында арифметикалық амалдар мен математикалық функциялар **Java Script** бағдарлау технологиясымен бірдей.


1- жаттығу. **Macromedia Flash 8** бағдарламасында бірінші айнаның торкөздерінде оқушының фамилиясы, аты, әкесінің аты, мекен жайы мен туылған жылы енгізілгенде екінші айнаның бір торкөзіне құрастыру.

Орындау:

1. **Text tool (T)** жабдығы көмегінде жұмысшы айнада бес торкөз пайда болады да соған сай тәрізде фамилиясы, аты, әкесінің аты, мекен жайы мен туылған жылының жазуы да енгізіледі.

2. Осы әрбір жазу үшін **Text tool (T)** жабдығы көмегінде жеке торкөздер пайда болып, **Properties** бөлімінен **Static text -> Input textga** өзгертіріледі де керекті өлшемдер таңдап алынады.

3. Парақша істетілетін жағдайға келтіріліп, мәлімет енгізілетін торкөздер айрықша көрініп тұруы үшін **Properties** бөлімінің **Show border around tex** тарауы таңдалады.



4. **Input text** белгісінің **Var** қатарына керекті есім енгізіледі (“Фамилиясы” жазуының қатары белгіленіп бір, “Есімі” жазуының қатары белгіленіп екі, “Әкесінің аты” жазуының қатары белгіленіп үш, “Туылған жылы” жазуының қатары төрт (төрт сөзін қабылдамайды), “Мекен жайы” жазуының қатары белгіленіп бес жазуы енгізіледі);

5. Жұмысшы саланың бағдарлау алаңына **stop()**; коды енгізіледі;

6. **Windows** менюсінде түймеше пайда болады да оның бағдарлау алаңына төмендегі бағдарлама коды енгізіледі: **on (release) {gotoAndStop(2); }**

A screenshot of a form with a light blue background. It contains five input fields arranged in two rows. The first row has 'Фамилиясы' and 'Туылған жылы'. The second row has 'Есімі' and 'Мекен жайы'. The third row has 'Әкесінің аты'. To the right of the bottom row is a blue button with the text 'Отыру'.

7. **F7** түймеше басылады (екінші айна пайда болады).


8. Екіншісі айнада **Text tool (T)** жабдықтан пайдаланып екі торкөз пайда болады да бірінші торкөзге “Жалпы” жазуы енгізіледі.

9. Бірінші айнаның торкөздерге енгізілген мәліметтер екінші айнаның торкөзінде пайда болу үшін екінші айнаның екінші торкөзі белгіленіп, **Properties** бөліміндегі **Static text -> Dynamic Textga** өзгертіріледі де **Var** қатарына “нәтиже” жазуы енгізіледі.

10. Екінші айнаға **Windows** менюсінен түймеше пайда болады да оның бағдарлау алаңына төмендегі бағдарлама коды енгізіледі (Түймеше белгіленіп, **F9** түймешесі басылады):

on (release)

{natiija=_root.бiр+' '+_root.екi+' '+_root.үш+' '+_root.төрт+' '+_root.бес;}



11. **Ctrl+Enter** түймешелері басылып, оқушы жөніндегі мәліметтер енгізіледі.

12. Өту түймешесі басылып, екінші айнаға өтіледі. Екінші айнадағы “Жалпыластыру түймешесі” басылғанда төмендегі көрініс пайда болады:

Фамилиясы	Махмудов	Туылған жылы	12.07.2016
Есімі	Уэли	Мекен жайы	Науан қаласы
Әкесінің аты	Ахмедович	<input type="button" value="Оқу"/>	

Жалпы	Махмудов Уэли Ахмедович 12.07.2016 Науан қаласы
<input type="button" value="Умумлаштириш"/>	

2- жаттығу. Халыққа білім беру министрлігінің төмендегі Web-сайтының “Виртуал қабылдау бөлмесі” бөлімінің парақшасын дайындау:

Үндеуді жібер			Аймақтық басқармалар	
Үндеуді жіберу үшін барша алаңдарды толтыру шарт-Мурожаат yuborish uchun barcha maydonlarni to'ldirish shart			ЭНДЖАН ОБЛЫСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ	
Фамилияң	Есімің	Әкеңнің есімі	Назаров Анваржан Зокирович	
<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	Телефон	
Аймақ-hudud	Аудан (қала)		Факс.	
<input type="text"/>	<input type="text"/>		Мекен жай 110000 -manzil	
Мекен жай	<input type="text"/>		Энджан облысы, Энджан қаласы,-andijon viloyati, andijon shahri	
			А. Умархан көшесі, 23-үй- А.Умархан ko'cha 23-uy	
			БУХАРА ОБЛЫСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ	
			Басқарма бастығы	

Орындау:

1. **Rectangle Tool (R)** жабдығы қамтамасыз етіледі.
2. **Properties** бөлімінің **Fill color** тарауынан рең беріледі.
3. **Text tool (T)** жабдығы көмегінде барлық жазулар жазылады.
4. **Text tool (T)** жабдығы көмегінде торкөз пайда болып, **Properties** бөлімінен **Static text -> Input textga** өзгертіріледі де керекті өлшемдер таңдап алынады.
5. **Properties** бөлімінің **Show border around tex** пункті таңдалады (әр бір мәтін енгізілетін торкөз үшін орындалады).
6. Пайда болған Web-парақшаны **D** дискте “Виртуал қабылдау бөлмесі” парақшасының атымен сақталады.

3- жаттығу. **Macromedia Flash 8** бағдарламада берілген екі санның көбейтіндісін есептеуші форма айнасын құрастыру.

Орындау:

1. **Text tool (T)** жабдығы көмегінде **A, B** және “Нәтиже”: сөзі енгізіледі.
2. Осы әрбір жазу үшін жабдықтар панелінен **Text tool (T)** айрықша торкөздер пайда болып, **Properties** бөлімінен **Static text-> Input textga**

өзгертіріледі де керекті өлшемдер таңдап алынады.

3. Парақша істетілетін жағдайға келтіріліп, құны енгізілетін әрбір торкөздер айрықша көрініп тұруы үшін **Properties** бөлімінің **Show border around tex** белгісі таңдалады.


4. Жұмысшы салаға рең беріледі.

5. Сан құнын енгізу үшін пайда болған торкөздер белгіленіп сай тәрізде **Properties** бөлімнің `var` қатарына “`ason`”, “`bson`” және “`natija`” сөйлемдері енгізіледі.

6. **Windows** менюсінен түймеше пайда болады да оның бағдарлау алаңына төмендегі бағдарлама коды енгізіледі:

```
on (release) {var
a=Number(_root.ason);
b=Number(_root.bson);
_root.natija=a*b;}
```

7. **Ctrl+Enter** түймешелері көмегінде жұмысшы жағдайға өткізіледі.



ЕСТЕ САҚТА !

Macromedia Flash 8 бағдарламасында арифметикалық амалдар мен математикалық функциялар **Java Script** бағдарлау технологиясымен бірдей.



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. **Macromedia Flash 8** бағдарламасының айнасын торкөздерге оқушылардың фамилиясы, аты, әкесінің аты, телефон номерін енгізгенде, осы айнаның өзінде бір торкөзге топтастырушы форма айнасын құрастырыңдар.
2. **Macromedia Flash 8** бағдарламасында берілген екі санды қосындысының квадратын есептеуші форма айнасын құрастырыңдар.




ҮЙГЕ ТАПСЫРМА

1. **Macromedia Flash 8** бағдарламасының бірінші айнасында оқушының фамилиясы, аты, әкесінің аты, екінші айнада телефон номері, электрон почта адресі енгізілгенде үшінші айнаның торкөзінде топтастырушы форма айнасын құрастырыңдар.
2. **Macromedia Flash 8** бағдарламада санның квадрат баданасын есептеуші форма айнасын жаратыңдар.



22- САБАҚ. Web-ПАРАҚШАЛАРДА АНИМАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ОРНАТУ

Web-парақшаларына арналған анимациялар жаратуда **Macromedia Flash 8** бағдарламасынан пайдалану өнімді есептелінеді. **Macromedia Flash 8** бағдарламасында ең қарапайым анимациялар жаратуды бірнеше басқыштарда амалға асыру мүмкін. Күрделі анимациялар жарату үшін сендерден біраз уақыт талап етіледі. Анимациялар жаратуда қабат **Layer** және кадрлар **Framedan** пайдаланылады. Кадрлар мен қабаттар **Timeline** айнасында пайда болып, оның жалпы көрінісі төмендегіше:



Macromedia Flash 8 бағдарламасында кадр қосу үшін **F6** түймешесінен, қабат қосу үшін **Timeline** айнасының **Insert Layer** папкасынан пайдаланылады.

1- жаттығу. “11-сынып ” сөзін әрекеттендіру.

Орындау:

1. **Text tool (T)** жабдығы тандалып, “11- сынып” жазуы енгізіледі.

2. **F5** түймеше көмегінде керекті өлшем белгіленіп, **F6** түймеше басылады.

3. Пайда болған **Framening** ерікті бөлімге тышқанның оң түймешесі басылады да менюсінен **Create Motion Tween** тарауы тандалады:



4. “11-сынып” жазуының кардиналары өзгертіріледі (жазу белгіленіп, тышқан түймешесі көмегінде қозғап керекті жайға өткізіледі);

5. Нәтижені көру үшін **Ctrl+Enter** түймешелері басылады.


2- жаттығу. Төртбұрыш пішіні әрекеттеніп шеңбер көрініске өту.

Орындау:


1. Төртбұрыш пішін сызылады.

2. **F5** түймеше көмегінде керекті өлшем белгіленіп, **F6** түймеше басылады.

3. Соңғы **Framedagi** төртбұрышты өшіріп, шеңбер сызылады:



Properties бөлімінің **Tween** тарауынан **Shape** таңдалады:



4. Нәтижені көру үшін **Ctrl+Enter** түймешелері басылады.

3-жаттығу. Шарды әрекеттендіру.

Орындау:

1. **Овал Tool (O)** жабдығы белгіленіп, **Fill Color** тарауынан шар таңдалады.

2. **F5** түймеше көмегінде керекті өлшем белгіленіп, **F6** түймеше басылады.

3. **Frameda** тышқанның сол түймешесі басылып одан **Create Motion Tween** қатары белгіленеді.



4. Шар белгіленіп керекті жайға қозғатылады. Нәтижені көру үшін **Ctrl+Enter** түймешелері басылады.

4- жаттығу. Өзара екі шарды қарсыластыру.

Орындау:

1. **Oval Tool (O)** жабдығы белгіленіп, **Fill Color** тарауынан шар таңдалады да **F5** түймеше көмегінде керекті өлшем белгіленіп, **F6** түймеше басылады.

2. Шар белгіленіп жұмысшы сала ортасына қозғалтылады да **Frameda** тышқанның сол түймешесі басылып, одан **Create Motion Tween** қатары таңдалады.

3. **Layer 2** қабаты пайда болып, жұмысшы саланың соңына екінші шар сызылады да **F5** түймеше көмегінде керекті өлшем белгіленіп, **F6** түймеше басылады.

4. Шар белгіленіп жұмысшы саланың ортасына қозғатылады (**Layer 1** қабатындағы шарға қарама-қарсы) және **Frameda** тышқанның сол түймешесі басылып, одан **Create Motion Tween** қатары таңдалады.

5. **Ctrl+Enter** түймешелері басылады.



Macromedia Flash 8 бағдарламасында жаратылған анимацияларды Web-парақшаға жайластыру үшін **Ctrl+R** түймешелері басылып, керекті файл белгіленеді де Открыть түймешесі басылады.



ЕСТЕ САҚТА !

Анимациялар жаратуда қабат **Layer** мен кадрлар **Framedan** пайдаланылады.



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. **Macromedia Flash 8** бағдарламада қарапайым мәтінді әрекеттендіріңдер.
2. **Macromedia Flash 8** бағдарламасында шеңбер пішіні әрекеттеніп төртбұрыш фигураға өтуші анимация жаратындар.



ҮЙГЕ ТАПСЫРМА

1. **Macromedia Flash 8** бағдарламасында шар сызындар және оны әрекеттендіріңдер.
2. Өзбетінше түрінде Web-парақшаларға арналған анимация эффекттерін жаратындар.



23- САБАҚ. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУ

Macromedia Flash 8 бағдарламасында бір варианттың өзінде бірнеше анимация жасау мүмкіндігі де бар болып, мұның үшін әрбір **Layer** қабатта айрықша әрекетті бейнелер сызылады немесе дайын суреттер,

сызбалар жайластырылып әрекеттендіріледі.

1-жаттығу. Шарды траектория бойлап әрекеттендіру.

Орындау:

1. **Oval Tool (O)** жабдығы белгіленіп және **Fill Color** тарауы таңдалып, шар сызып алынады.

2. Timeline бөлімінен **Add Motion Guide** қабаты пайда болады;


3. Пайда болған қабатқа **Pencil Tool (Y)** жабдығы көмегінде шар әрекеттенетін траектория сызылады;

4. **Layer 1** қабатында **F5** түймеше таңдалып, керекті арақашықтық белгіленеді.


5. **Add Motion Guide** қабатында **F5** түймеше таңдалып, керекті арақашықтық белгіленеді.

6. **Layer 1** қабатының **Frameda** тышқанның оң түймешесі басылып, **Create Motion Tween** қатары таңдалады.

7. Шар белгіленіп сызылған траектория соңына өткізіледі (тышқанның көмегінде қозғатып тартылады):



2-жаттығу. Ыдыстағы судың булануын бейнелеуші анимация эффектін жасау.



Орындау:

1. **Layer 1** қабатында, **Rectangle Tool (R)** жабдығы көмегінде ыдыс сызылады да оған керекті рең беріледі.

2. **Layer 2** қабаты пайда болады да онда **Oval Tool (O)** жабдығы көмегінде суының булану белгілері сызылады.

3. **Layer 1, Layer 2** қабаттары белгіленеді де **F5** түймеше көмегінде керекті арақашықтық белгіленеді.

4. **Layer 2** қабатының **Frameda** тышқанның оң түймешесі белгіленіп,

Create Motion Tween қатары таңдалады.

5. Layer 2 қабатындағы судың булану белгілері жоғарыға қозғатылады.



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Macromedia Flash 8 бағдарламасында автокөлік сызындар және оны әрекеттендіріңдер.
2. Macromedia Flash 8 бағдарламасында көкшөптің көгеру жағдайын жасау.
3. Macromedia Flash 8 бағдарламасында гүлдің ашылу жағдайын жасандар.
4. Macromedia Flash 8 бағдарламасында ыдысқа от жағылған судың булануын көрсететін бейне жасандар.
5. Macromedia Flash 8 бағдарламасында бір ыдыстан екінші ыдысқа суды құюды көрсететін бейне жасандар.
6. Macromedia Flash 8 бағдарламасында молекулалардың әрекетін көрсететін бейне жасандар.



ҮЙГЕ ТАПСЫРМА

1. Macromedia Flash 8 бағдарламасында түрлі геометриялық фигуралардың пішіндерін әрекеттендіруші анимация эффекттерін жасау.
2. Macromedia Flash 8 бағдарламасында Web-сайт үшін анимация эффекттерін дайындандар.



24- САБАҚ. ДЫБЫСТЫ МӘЛІМЕТТЕР ЖӘНЕ ОЛАРМЕН ІСТЕУ

Macromedia Flash 8 бағдарламасында дыбысты мәліметтерді орнату және олардан пайдалану мүмкіндігі де бар. Macromedia Flash 8 бағдарламасының жұмысшы салаға дыбысты мәліметтерді орналастырудың екі түрлі әдісі бар:

1. File→Import→Import to Stage... кетпе-кеттігін таңдау арқылы;
2. File→Import→Import Video... кетпе-кеттігін таңдау арқылы.


1- жаттығу. Macromedia Flash 8 бағдарламасының жұмысшы саласына .mp3 файл кеңейткіш дыбысты мәліметтерді орналастыру.

Орындау:

1. File→Import→Import to Stage... кетпе-кеттігі таңдалып, дыбысты мәліметтер жайластырылған папка таңдалады.

2. Папкадан керекті файл белгіленеді де Открыть түймешесі басылады. Таңдалған файл Librаре бөліміне жүктеледі.

3. Жүктелген файл жұмысшы салаға өткізілуі керек. Мұның үшін Librаре бөліміне жүктелген файл белгіленіп, тышқан түймешесі көмегінде қозғатып тартылады:



2- жаттығу. Macromedia Flash 8 бағдарламасының жұмысшы саласына .avi файл кеңейткіштері дыбысты мәліметтерді жайластыру.

Орындау:

1. File→Import→Import Видео... кетпе-кеттігі таңдалады.



2. Осы айнадан Browse... түймешесі таңдалып, дыбысты мәліметтер жайласқан папкадан керекті файл белгіленіп, Открыть түймешесі басылады.

3. Жүктелген файл жұмысшы салаға өткізілуі керек. Мұның үшін Librare бөліміне жүктелген файл белгіленіп, тышқанның түймешесі көмегінде қозғатып тартылады.

Кейбір жағдайларда видео файлдарды орнатуда қателіктер келіп шығуы мүмкін. Ондай жағдайда файл кеңейткішін өзгертіруші бағдарлама көмегінде .avi файл кеңейткішіне өткізу керек.



ЕСТЕ САҚТА !

Macromedia Flash 8 бағдарламасының жұмысшы салаға дыбысты мәліметтерді жайластыру екі түрлі әдісте жүзеге асырылады:

1. File→Import→Import to Stage... 2. File→Import→Import Видео... кетпе-кеттіктері таңдалады.



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Macromedia Flash 8 бағдарламасында видео файлдарды орнату кетпе-кеттігін түсіндіріп беріңдер.
2. Macromedia Flash 8 бағдарламасын жұмысшы саласына видео және аудио файлдарды орнатыңдар.



ҮЙГЕ ТАПСЫРМА

1. Macromedia Flash 8 бағдарламасында үш айна жасаңдар. Бірінші айнаға екі түймеше жайластырыңдар да сол түймешелер арқылы кезектегі айнарларға өтсін. Екінші және үшінші айнаға видео файлдарды жайластырыңдар.
2. Өзбетіңше Web-парақша дайындаңдар және оларға видео файлдарды жайластырыңдар.



25- САБАҚ. Web-ПАРАҚШАЛАР АРАСЫНДА БАЙЛАНЫСТАРДЫ ОРНАТУ МҮМКІНДІКТЕРІ


Web-сайт жаратуда Web-парақшалар арасында байланыстарды орнату және бір файлға топтастыру маңызды есептелінеді. **Macromedia Flash 8** бағдарламасында Web-парақшалар арасында байланыстарды орнату мен оларды бір файлға топтастыру мүмкіндігі бар. **Macromedia Flash 8** бағдарламасында Web-парақшаларды өзара бір-бірімен гипермәтінді және **getURL** операторы көмегінде байланыстарды орнату мүмкін.

Macromedia Flash 8 бағдарламасында Web-сайт жарату үшін алдын қосымша парақшалар дайындалады да оларға ат қойып, жаңа папкада **.html** файл кеңейткішімен сақталады. Одан соң негізгі парақша дайындалады. Негізгі парақшаға түрлі әшекейлер мен анимация эффекттері **Macromedia Flash 8** бағдарламасының өзінде жаратылады. Сол басқыштардан соң, қосымша парақшалармен байланыстар орнатылып, **.exe** файл кеңейткішімен жаратылған папкаға сақталады.

1- жаттығу. **Macromedia Flash 8** бағдарламасын жүктеп, **D** дискте жайласқан **1.html** файлымен қатынас орнату.

Орындау:

1. **Macromedia Flash 8** бағдарламасы іске түсіріледі.



2. **Text tool (T)** жабдықтан пайдаланып жұмысшы салаға қандайда бір сөз енгіземіз, мәселен : “Жаңалықтар”.

3. “Жаңалықтар” жазуын белгілеп, редакторлау құрылғысының **Properties** бөлімінен **URL Link** енгізу шеңберіне файл орналасқан жай мен

файл аты енгізіледі: **d:\1.html**;

4. Файл жеке айнада ашылуы үшін **Target** тарауынан **_blank** таңдалады.

5. **Fayl→Publish Settings...** кетпе-кеттігі немесе **Ctrl+Sift+F12** түймешелері басылады.

6. Пайда болған айнадан **.exe** бөлімі белгіленіп, **Publish** түймешесі басылады.

Интернетте жайласқан сайттарға қатынас жасау үшін **URL Link** шеңберіне сайт мекен жайы енгізіледі. Мәселен, Ziyonet ақпарат бөлімі порталына қатынас жасау үшін <http://www.ziyonet.uz> мекен жайы жазылады.


2- жаттығу. **getURL** операторы көмегінде Web-парақшалар арасында байланыстарды орнатындар.

Орындау:

1. **Macromedia Flash 8** бағдарламасы іске түсіріледі де жұмысшы айнаға **Windows** менюсіндегі түймеше жайластырылады.

2. Түймешенің бағдарлау алаңына төмендегі бағдарлама коды енгізіледі:

`on (release) { getURL("d:\ maktab.html", "_blank"); }` (**Shell** белгісінен кейін бір бос орын қалдырылып мәтін жазылады).



3. Fayl→Publish Settings... кетпе-кеттігі немесе **Ctrl+Sift+F12** түймешелері басылады.

4. Пайда болған айнадан **.exe** бөлімі белгіленіп, **Publish** түймешесі басылады.

Интернетте жайласқан Web-сайттарға қатынас жасау үшін оның мекен жайы көрсетіледі. Мәселен, **Ziyonet** ақпарат білім парталына қатынас жасау үшін `getURL ("http:// www.ziyonet.uz", "_blank");` коды енгізіледі.

3- жаттығу. 20- сабақта жаратылған Халыққа білім беру министрлігі Web-сайтының бас парақшасымен 21-сабақта жаратылған Web-

парақшалармен байланыс орнату.

Орындау:

1. Жаратылған Web-парақша жүктеледі;
2. “Виртуал қабылдау бөлімі” сөзін белгілеп, редакторлау құрылғысының **Properties** бөлімінен **URL Link** енгізу шеңберіне файл жайласқан орын мен файл аты енгізіледі:

“d:\Virtual qabulxona sahifasi.html”;



Жоғарыдағы сабақтарда жаратылған барлық Web-парақшалар осы тәртіпте топтастырылады. Нәтижеде Халыққа білім беру министрлігінің Web-сайты пайда болады:



Осы жаратылған Web-сайтымыз статистикалық Web-сайт есептелінеді.

ЕСТЕ САҚТА !

Web-парақшалар арасында қатынас орнатылған файлды **.exe** файл кеңейткішімен сақтау керек.

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. **getURL** операторы көмегінде Web-парақшалармен байланыс орнатындар.
2. Мектебіңнің Web-сайтын дайындаңдар.

ҮЙГЕ ТАПСЫРМА

1. Web-парақша дайында және оларды **getURL** операторы көмегінде қандайда бір Web-сайтпен байланыстырыңдар.
2. Өздерің жөнінде мәлімет беруші Web-сайт дайындаңдар.



26- САБАҚ. БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ

Төмендегі берілген варианттардан бақылау жұмыстарын өткізуде пайдалану ұсынылады.

1- вариант

1. **Java Scriptda** шеңбер ауданы мен аудан ұзындығын есептеуші форма айнасын жаратындар.

2. **Macromedia Dreamweaver 8** бағдарламасында сурет жайластыру кетпе-кеттігін келтіріңдер.

3. **Macromedia Flash 8** бағдарламада “11-сынып” жазуын әрекеттендіруші анимация жаратындар.

2-вариант

1. **Java Scriptda** берілген үш сан көбейтіндісінің квадрат тамырын есептеуші форма айнасын жаратындар.

2. **Macromedia Flash 8** бағдарламасында Web-парақшаларын топтастыру кетпе-кеттігін келтіріңдер.

3. **Macromedia Flash 8** бағдарламасында “8-декабрь Өзбекстан Республикасы Конституциясы” жазуын әрекеттендіруші анимациясын жаратындар.

3- вариант

1. **Macromedia Flash 8** бағдарламасында берілген үш санның жиынтығы есептеуші форма айнасын жаратындар.

2. **Macromedia Dreamweaver 8** бағдарламасында түймешелерді жайластыру кетпе-кеттігін келтіріңдер.

3. **Macromedia Flash 8** бағдарламасында “1- сентябрь Өзбекстан Республикасы Тәуелсіздік күні” жазуын әрекеттендіруші анимациясын жаратындар.

4- вариант

1. **Java Scriptda** берілген үш санның орта арифметикасын есептеуші форма айнасын жаратындар.

2. **Macromedia Dreamweaver 8** бағдарламасынан кесте жарату кетпе-кеттігін түсіндіріп беріңдер.

3. **Macromedia Flash 8** бағдарламасында “Қош келіпсіз Web-сайтқа” жазуын әрекеттендіруші анимациясын жаратындар.

III ТАРАУ.


АҚПАРАТ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

Сендер сол тарауды оқып, ақпарат қауіпсіздігі түсініктемесі, оның өнімділік көрсеткіштері, ақпарат қауіпсіздігінің проблемалары, ақпараттарды қорғаудың құрамды бөлімдері мен әдістері және компьютер тармақтары, оларды қорғау, Интернетте сақталатын ақпарат деректердің қауіпсіздігі мен проблемалары, электрон әкімшілік пен оның мүмкіндіктері, электрон пошта қызметінің жүйесі, компьютерлерді вирустардан қорғау әдістері жөнінде білім, дағды және біліктерге ие боласыздар.



27- САБАҚ. АҚПАРАТ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ТҮСІНІГІ МЕН НӘТИЖЕЛІЛІГІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Бүкіл дүниеде глобалдасу үдерісінің шапшаң дамуы қоғам өмірінің барлық салаларында заманауи ақпарат технологияларының кең қолданылуы адамзаттың мәлімет алу дәрежесін іс-жүзінде шексіз асыру мүмкіндігін жаратады. Сонымен бірге Интернет жүйесінде конфиденциялық мәліметтердің ашықтығы да өсіп баруда. Мәселен, 2015 жылда әлемде 1,5 мыңнан астам, яғни алдыңғы жылға қарағанда 7,8 пайызға көп жасырын мәліметтердің анық болуы бақыланды. Осы көрсеткіш, негізінен, АҚШ-та 859, Ресейде 118 және Ұлы Британияда 112-ні құрайды. Бұған негізгі себеп сипатында адам факторы мен сыртқы зұлымдық мойындалды. Сыртқы жауыз нәтижесінде көптеген мәліметтер алып кетілгенде де зұлымдық, ең қымбат бағалы мәліметтердің шығып кетуін жеке мүдделік негізінде офис қызметкерлері тарапынан жүзеге асырылуда.



Келтірілген диаграммадан көрініп тұрғандай, мәліметтер ең көп жоғалтқан базалар сөйлеміне жоғары технологиялар, өнеркәсіп пен транспорт кіруде. 2015 жылда осы базаларда негізгі жоғалту Интернет жүйесі арқылы жүзеге асырылған болса, білім, буғалтерия және банк салаларында адам факторы 25–30 пайызды құрауда. 90% жағдайларда төлем және жеке мәліметтер сыртқа шығып кетуі анықталды.

Ақпаратты үйлестіру – бұл мәліметтерді ұрлау, жоғалту, жасанды, қолдан жасалған, рұқсатсыз пайдалану және көбейттірудің алдын алуға бағытталған шаралар жиынтығы.

Компьютер жүйелерінде ақпаратты үйлестіру түсінігімен бір қатарда ақпарат қауіпсіздігінің атауы кең тарқалған.

Ақпарат қауіпсіздігі – пайдалану негізінде мәліметтің жасырындылығы, бүтіндігі мен пайдаланушылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Жалпы алғанда ақпаратқа қауіп қатер екі түрлі болуы мүмкін: мәліметті ашу немесе оның мазмұнын өзгерттіру.

Мәліметті ашу – күтпеген жерде немесе ыза-кекті әрекеттер нәтижесінде бөгде тұлғаға ақпараттың мазмұны рұқсатсыз әшкереленуі болып табылады.

Егер мәліметтер қандайда бір фирманың хабарланбаған жаңалығы немесе кәсіпорынның көп жылдар барысында топталған және бірнеше жылдық проблеманы шешуде бағытталған тәжірибелер нәтижесінде сол зұлымдықтан келе жатқан қауіптердің асып кетуі мүмкін.


Мәліметтер мазмұнын өзгертіру ақпарат қауіпсіздігі үшін үлкен қауіп қатер есептелінеді. Банк және экономика жүйесінде мәміледегі төлем хабарнамасы жіберілген құқықтық мекен жайы анық көрсетілген ашық мәлімет сипатында әрекеттенеді. Бұқаралық ақпарат құралдарының мәліметтеріне қарай, бірнеше жолмен банк құжаттарының мазмұнын, жеке мүдделілік негізінде әдейі қолдан жасалған банктерге және ұйымдарға келетін зиянкестер кең құлаш жаюда. Осы көріністегі құжаттар мемлекеттер шекарасынан шығып, әлем деңгейінде жүзеге асырылуда. Мәселен, Санкт-Петербургтық бағдарламашы В.Левин 1994 жылда өзінің компьютері көмегінде Интернет арқылы Лондон қаласындағы “Siti bank of America”ның қорғау жүйесін бұзып, дүниенің түрлі мемлекеттеріндегі банк клиенттерінің есеп шоттарынан 10 миллион доллар көлеміндегі ақшаны заңсыз өзгертіріп, өзінің түрлі мемлекеттердегі табақтастары есебіне өткізеді.

Осы жағдай бойынша АҚШ федерал іздеу бюросы жылдам-іздеу әрекеттерін жүзеге асырып, қылмыскерлер додасын бір уақыттың өзінде тұтқынға алды. Қылмыскерлер 400 мың доллардан тыс барлық ақшаны банк есебіне қайтарды да түрлі мерзімде азаттықтан айырылды.

Банк практикасы саласында мәліметтің бүтіндігі негізгі шарт есептелсе, бұқаралық түрдегі мәліметтер үшін пайдаланушылық дәрежесінің жоғары болуы қадірленеді. Мемлекет қауіпсіздігіне тиісті құжаттар үшін жасырылғанын қамтитын негізгі мөлшер есептелінеді.

Мәліметтің жасырындық ерекшелігі оған рұқсат бермеген тұлғалар үшін түсінерсіз жағдайда локал, аймақтық және глобал тармақтарында ұзатылуында.

Пайдаланушандық ерекшелігі мәліметінен қалағанша, ешқандай кедергісіз пайдалану мүмкіндігін белгілейді де ол ашық түрдегі ақпараттар үшін орынды.



1–Электромагнит толқын. 2 – Параметрлік толқын. 3 – Тебірندی дыбыс толқыны. 4 – Электр сигналы.

Жоғарыдағы суреттерде ақпараттан рұқсатсыз пайдаланудың мүмкін болған каналдары бейнеленген. Кейінгі кестелік-суретте компьютер тармақтарында ақпарат тасушы құралдар кестелік көріністе бейнеленген:

Сымды және сымсыз байланыс жүйелері



Сымсыз ұялы байланыс жүйесі

Осы кестеден байланыс жүйесінің ерікті бөлігінде рұқсатсыз кіру мүмкіндігі бар екендігі анық көрінуде. Сол себепті, ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін пайдаланушыларды **идентификациялау, аутентификациялау, авторизациялау** қажет болады.

Идентификация – пайдаланушыны жүйеге өзін таныту үдерісі болып, онда клиенттің арнаулы жеке карталарынан немесе оның биометриялық ерекшеліктерінен пайдаланылады



Ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тұлғаның, мәселен, бармақ ізі, дыбыс анализі, көз қарашығы, бет түзілісі мен басқа биометриялық белгілерден пайдаланылады.



Аутентификация – пайдаланушының дұрыстығын тексерді де оның негізінде жүйеде қызмет алып бару мүмкіндігі немесе мүмкін еместігі белгіленеді.

Авторизация – пайдаланушыға жүйе тарапынан берілген құқықтар жиынтығы.

Ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету құрамына мәліметтер ресурстары тұрақтылықпен қоғам және тұлғаның ақпараттан пайдаланудағы заңды құқықтарын қамтамасыз ету кіреді.

Ақпарат қауіпсіздігі төмендегі басқыштарды өз ішіне алады:

- қорғау қажет болған ақпарат пен техника ресурстарын анықтау;
- ақпараттарға қауіп қатерлер мен құпияларды бұзу мүмкін болған тиюнуктердің толық жинағын белгілеу;
- ақпарат қауіпсіздігінің кемістігі мен қатерлерінің дәрежесін бағалау;
- қорғау жүйесінде қойылған талаптарды анықтау;
- қорғау жүйесінің бүтіндігі мен басқарылуын бақылау.



ЕСТЕ САҚТА !

Мәліметті ашу – күтпеген жерде немесе ыза-кекті әрекеттер нәтижесінде бөгде тұлғаға ақпараттың мазмұны рұқсатсыз әшкереленуі.



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Ақпарат қауіпсіздігі дегенде нені түсінесіңдер?
2. Ақпарат қауіпсіздігінде қауіп қатерлердің қандай түрлері бар?
3. Пайдаланушының идентификациялау әдістерін түсіндіріп беріңдер.


ҮЙГЕ ТАПСЫРМА

1. Компьютерді қорғау маңызын әлем тәжірибесі мысалында негіздеп беріңдер.
2. Тұлғаның биометриялық белгілері бойынша идентификациялаудың мемлекет пен қоғамдағы орнын анықтап беріңдер.


28- САБАҚ. АҚПАРАТ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ. АҚПАРАТТАРДЫ ҚОРҒАУДЫҢ ҚҰРАМДЫ БӨЛІМДЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ


XXI ғасырдың бірінші он жылдығына келіп ақпараттың маңызы тың асып кетті. Мәліметтің қымбат бағалылығы тек қана мемлекет сырларын қорғау сол тұрғыдан емес, сонадай-ақ кәсіпкерліктің дамуы себепті де өсіп баруда, себебі ақпаратқа ие болған мемлекет әлемді басқарады.

Жаңа инновациялық технологияларды орналастыру процесіне қаражаттанған уақыт экономикасы, телекоммуникациялық жүйелер мен құрылғылар базардағы алғашқы қадам сапасының өзгерісі нәтижесінде бәсекелестік талаптары артып баруда. Демек, әрқандай ұйым өзін-өзі “шақырылмаған бақылаушы”лардан босатылуы қажет болды.

Ақпарат қауіпсіздігі қауіп қатерлері түрлі белгілер арқылы мазмұндалуы мүмкін:

- ақпарат жасырындылығын бұзу, негізінен адам факторы немесе қорғау аппарат қамтамаздығының қызметін жолдан шығару;
- мәліметтер мазмұнын өзгертіруге тиісті рұқсатсыз қызметтер арқылы ақпараттың бүтіндігіне зиян келтіру;
- ақпарат пайдаланушыларына компьютер **вирустары** арқылы қауіп қатерлер;
- ақпарат қауіпсіздігінде ішкі және сыртқы қауіп қатерлері;
- ақпарат қауіпсіздігі бұрылысында глобал, аймақтық және локаль тармақтарының қауіп қатерлері.

Ақпараттарды қорғауда алдымен сыртқы қауіп қатерлерге көңіл аударылуы керек. Төмендегі суретте ақпараттан рұқсатсыз пайдалану мүмкін болған каналдар көрсетілген:



Ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ұйымдастырушы, техникалық және бағдарламалы құралдардан пайдаланылады.

Ұйымдастырушы құралдар құрамына техникалық-ұйымдастыру және құқықтық-ұйымдастыру шараларын енгізуіміз мүмкін. Техникалық-ұйымдастыру шараларда қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету үшін офистік бөлмелердегі компьютер, телефон, теледидар, радио, сигнализация және соған ұқсас ақпарат шығу мүмкіндігі болған барлық құралдар тізімнен өткізіледі.

Техникалық құралдар электрон, электромеханикалық және басқа құрылғылардан болып, жүйелерді техникалық қорғауда тікелей пайдаланылады. Кең мүмкіндікті (0,01–1000 Mhz) электромагнит генераторлары мен басқа құрылғылардан шығушы қосымша толқындарды сездірмеулік міндетін өтейді.

Ақпаратты жасырын алуға арналған ұялы байланыс телефондарын байланыстан ұзу, электр тармағынан мәлімет шықпастығын қамтамасыз

етуші фильтрлер, диктафондарды күшті электромагнит толқындармен істен шығарушы құралдар қолданылады.

Ақпаратты қорғаушы бағдарламалы құралдардың құрамы төмендегіше:

- бірнеше файл немесе томдарды жинау арқылы олардың көлемін тым азайтырып сыртқы күштерден қорғау бағдарламалары;
- компьютер жүйесіне рұқсатсыз кіруден қорғау бағдарламалары;
- жүйені **вирустар**дан қорғауға арналған антивирус бағдарламалары;
- мәліметтер жасырғандығын қамтамасыз етуші криптографиялық бағдарламалар.



1- жаттығу. Windows 7 операциялық жүйесін қорғау.

Орындау:

1. Пуск түймешесін активтендіру арқылы **Панель управления** бөлімінен **Учетные записи пользователей и сем...** бөліміне кіріледі де ол жерден **Учетные записи пользователей** пункті активтендіріледі;

2. **Внесение изменений в учетную запись пользователя** айнасынан **Изменение своего пароля** қатынас айнасына кіріледі;

3. Егер компьютерге алдын пароль қойылған болса, **Текущей пароль** қатарына алдыңғы пороль енгізіліп, соң **Новый пароль** және **Подтверждение пароля** қатарына жаңа пороль енгізіледі;



Осы кетпе-кеттікте орындалғаннан соң, компьютер іске түсірілгенде жаңа парольмен кіру қажет болады.


2- жаттығу. MS Excel 2010 электрон кестесінде мәліметтерді қорғау.

Орындау:

1. **MS Excel 2010**-ның менюсінде **Рецензирование** сызығы активтендіріледі;

2. СЫЗЫҚТЫҢ (Жол-жол) **Защитить лист** пункті басылады. Нәтижеде экранда **Защита листа** қатынас айнасы пайда болады. Пайда болған айнаның **Пароль для отключения защиты листа** қатарына пароль енгізіледі.

Қорғалған парақтағы мәліметтерді өзгертіру үшін **MS Excel 2010** ның менюсінен **Рецензирование** сызығы активтендіріледі. Сызықтың **Изменение** бөлімінен **Снять Защитить листа** тарауы таңдалады. Нәтижеде **Снять Защитить листа** қатынас айнасы пайда болады. Осы пайда болған айнаның мәлімет енгізу қатарына алдын қорғалған порль енгізіледі.




3-жаттығу. MS Excel 2010-да жаратылған файлды қорғау.

Орындау:

1. **Файл**→**Сохранить как**→**Сервис**→**Общие параметры...** кетпекеттілігі қамтамасыз етіледі;
2. Пайда болған айнадан **Пароль для открытия** қатарына пароль енгізіліп және **ОК** түймешесі басылып, кезектегі айнаға өтіледі;
3. Айнаның **Введите пароль еще раз** қатарына жоғарыдағы пароль қайта енгізіліп, **ОК** түймешесі басылады;
4. Жаратылған файлға ат қойып **Сохранить** түймешесі басылады.

4- жаттығу. Файлдарды көрінбейтін ету.


Орындау:



1. Total Commander бағдарламасындағы қалаған бір томын таңдап, ішіндегі файлдар тобы бегіленеді;

2. Файл менюсіне кіріп **Изменить атрибуты** түймешесі басылады және пайда болған қатынасты айнадан файлдарға **Скрытый** белгісі орнатылады да **OK** түймешесі басылады.

Нәтижеде **Скрытый** күнтізбесіндегі барлық файлдар көрінбейтін жағдайға келеді.




5- жаттығу. Мәліметтерді архивтеу.

Орындау:

1. Архивтелетін файл белгіленіп, тышқанның сол түймешесі басылады да архивтеу бөлімінен **Добавить в архив** тарауы активтендіріледі;

2. Пайда болған архивтендіру айнасынан файлды ықшамдастыру әдісі таңдалып, **OK** түймешесі басылады.



Архивтеуден негізгі мақсат файлдарды **вирустрадан** қорғау және ықшамдастырудан тұрады.



ЕСТЕ САҚТА !

Ақпарат қауіпсіздігін қамтудың ең қарапайым және нәтижелі әдістерінен бірі, бір мерзімде файлдарды көрінбейтін жағдайға келтіруден тұрады.



СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР

1. Ақпарат қауіпсіздігіне негізгі қауіп қатерлер нелерден тұрады?
2. **MS Power Point**-та жаратылған презентацияларды қорғандар.



ҮЙГЕ ТАПСЫРМА

1. Компьютерде сақталатын мәліметтерді қорғау әдістерін классификацияландар.
2. Компьютерде жеке парольдеріңді орнаттыңдар.



29- САБАҚ. АЙМАҚТЫҚ ЖӘНЕ ГЛОБАЛ КОМПЬЮТЕР ТАРМАҒЫ МЕН ОНЫ ҚОРҒАУ

Өткен ғасырдың 50-жылдарында істелінген компьютерлер қымбат бағалы және шекті көлемде болып, олар өте қажетті міндеттерді орындауда қызмет етер еді.

